

АИНА

ОБЛЫС БАСШЫСЫ АРЫСТА БОЛДЫ

2-бет

КҮН ТÁРТІБІ

ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ

3-бет

ҚОҒАМ

ҚАЗАҚҚА ТӘН ҚАМҚОРЛЫҚТЫҢ АЙҒАҒЫ

4-бет

АЙМАҚ

ҚАЛАНЫ ДАМУДЫҢ ҚАРЫШТЫ ҚАДАМДАРЫ

5-бет

АБАЙ – 175

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ АБАЙДЫҢ ӨЛЕҢІНЕН ҮЗІНДІ ОҚЫДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 9 жастағы мектеп оқушысының әлеуметтік желі арқылы жолдаған видеоэстафетасын қабыл алды. Эстафета Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай ақын өлеңдерінен үзінді оқуға арналған болатын.



Мемлекет басшысы Абай есімі қазақ халқымен қатар аталатынын, биыл 30 мамырда келер жылы ақынның 175 жылдығын атап өту туралы Жарлыққа қол қойғанын айта келе, Ләйлім-Шырақ есімді 9 жастағы оқушының эстафетасын қабыл алғанын тілге тиек етті.

Сонымен қатар, Президент Абайды ұлықтау арқылы жас ұрпақтың бойына ұлттық рух дарытып, халқымызды әлемге паш ететінімізді атап өтті. Сөйтіп Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңінен үзінді оқып берді. Қасым-Жомарт Кемелұлы Абай өлеңдерін оқу эстафетасын одан әрі Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовке, Мәдениет және спорт министрі Ақтоқты Райымқұловаға және әлемге танымал әнші Димаш Құдайбергеге жолдады. Мемлекет басшысының өлең оқыған видеосы әлеуметтік желілерде кеңінен тарап жатыр.

СЕНАТОР САПАРЫ

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАҒА БАСЫМДЫҚ БЕРІЛЕДІ

ҚР Парламент Сенатының депутаты Рысқали Әбдікеров жұмыс сапарымен Жезқазған-Ұлытау аймағында болды.



Ұлытау ауданы мен Сәтбаев қаласында бірқатар нысандарда болып, өңірде атқарылып жатқан жұмыстардың жағдайымен танысқан Сенат депутатының сапары сәрсенбі күні Жезқазғанда жалғасты. Депутатты қала әкімі Қайрат Бегімов бастап жүрді. Алдымен №1,2,3 Жезқазған байыту фабрикаларының еңбек ұжымымен кездескен Рысқали Қалиақбарұлы Президент Қ. Тоқаевтың сайлау алды тұғынамасы мен осыған дейін қолға алынған мемлекеттік бағдарламалардың орындалу барысы, алдағы міндеттер туралы айтып берді.

«Өздеріңіз білетіндей, жаңадан сайланып, іске кіріскен Мемлекет басшысы ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының осыған дейін қолға алған бастамаларын жалғастыратынын мәлімдеді. Сайлауалды тұғынамасының бір тармағы да «Сабақтастық» деп аталады. Ол Нұрсұлтан Әбішұлының бастамасымен қабылданған «Қазақстан – 2050» Стратегиясы, «100 нақты қадам» Ұлт жоспары сынды іргелі құжаттарда айқындалған жоспарлар ары қарай да жүзеге асытынын білдіреді. Сондай-ақ, «5 әлеуметтік бастама», биыл қолға алынған «Әлеуметтік қамқорлық» бағдарламасын жүзеге асыру да өзекті болып отыр. Мемлекеттік саясатта әлеуметтік салаға ерекше басымдық берілетінін баса айтқым келеді, – деген сенатор Қ.Тоқа-

ев тұғынамасындағы өділдік қағидалары мен өрлеу бағыттарына да тоқталды. –Тұрақты даму үшін, елдің әл-ауқатының артуы үшін басқару жүйесі өділ болуы керек. Тек өділдік принципіне жүгінген жүйе

ғана тиімді басқаруға негіз болады. Сол үшін Президент Қ. Тоқаев құқыққорғау, сот жүйесі, басқа да салаларда бірқатар реформа жүргізбек.

►► 3-бетте

ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

ҚОҒЫСТАН ЭНЕРГИЯ ӨНДІРЕТІН

станса салынады

Жезқазғанда тұрмыстық қатты қалдықтардан қуат көзіне айналдыратын биоэлектр стансасын салу жоспарланып отыр. Бұл жаңашыл жобаны Словакияның «Жасыл» «GiproANKA» компаниясы «Kaz Green Energy» ЖШС-мен бірлесіп жүзеге асырмақшы.



Экология мен тұрмыстық қоқыстарды кәдеге жарату мәселесі бүгінде қай елде болмасын өзекті проблемаға айналған. Жаңа жоба қанаттас қос қаладағы осы түйіннің ойдағыдай шешілуіне жол ашады әрі баламалы қуат көзімен қамтамасыз етеді. Станса өлемдегі баламасы жоқ Мериолизис бірегей «жасыл» технологиясы бойынша жұмыс істейтін болады. Өңделген қалдықтар газ ретінде синтезделіп, одан әрі электр энергиясына айналады.

Жобаның құны 8,2 млрд. теңге тұрады. Жобалық қуаты жылына 110 мың тонна немесе тәулігіне 300 тонна тұрмыстық қатты қалдықтарды өңдеуге арналған. Баламалы электр энергиясының жаңа түрін өндіретін станса Кеңгір ауылынан 2 шақырым жерде салынады. Аумағы 4,5 гектар болатын алаң дайындалды. Құрылыс жұмыстары өкі кезең-

нен тұрады. Биыл жүзеге асырылатын бірінші кезеңінде қоршау жобалары жасалып, бақылау-өткізу пункті салынады. Станса ғимараты мен технологиялық жабдықтарды орнату келесі жылғы екінші кезеңнің өншісінде. Жобаны

2020 жылдың аяғында іске қосу жоспарланған. Биоэлектр стансасының салынуы 76 адамның жұмыспен қамтылуына мүмкіндік береді.

Амандық РАХҰЛЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЗАМАТТАРЫНЫҢ БОРЫШ ЖҮКТЕМЕСІН АЗАЙТУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ

ҚР ҮКІМЕТІ ӨМІРЛІК ҚИЫН ЖАҒДАЙДА ҚАЛҒАН ТҰРҒЫНДАРДЫҢ БОРЫШ ЖҮКТЕМЕСІН ЖЕҢІЛДЕТУ МАҚСАТЫНДА ҚР ҰЛТТЫҚ ҚОРИНДАҒЫ МАҚСАТТЫ ТРАНСФЕРТ ЕСЕБІНЕН 88,0 МЛРД ТЕҢГЕ БӨЛМЕК.

МЕМЛЕКЕТТІҢ КӨМЕГІНЕ:

- КӨП БАЛАЛЫ ОТАБАСЫЛАР
- 18 ЖАСТАҒЫ МҮГЕДЕКТЕРДІ БАЛА КҮНІНЕН ӨСІРІП НЕМЕСЕ ТӨРБИЕЛЕП ОТЫРҒАН ОТАБАСЫЛАР
- МҮГЕДЕК БАЛАСЫ БАР НЕМЕСЕ ТӨРБИЕЛЕП ОТЫРҒАН ОТАБАСЫЛАР
- АСЫРАУШЫСЫНАН АЙРЫЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЖӨРДЕМАҚЫ АЛАТЫН ОТАБАСЫЛАР
- АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК АЛУШЫЛАР
- ЖЕТІМ БАЛАЛАР
- АТА-АНА ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАР АТА-АНАСЫНАН КӨМЕЛЕТКЕ ТОЛҒАН А ДЕҢІН АЙЫРЫЛЫП ҚАЛҒАН 29 ЖАСҚА ТОЛМАҒАНДАР.

АЗАМАТТАР ЕШҚАЙДА БАРЫП ЖҮГІНУІ ҚАЖЕТ ЕМЕС

БАНКТЕР МЕН МИКРОҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫ ҚОРҒА 7 САНАТТАҒЫ тұлғалардың биылғы 1 шілдедегі дерекке сәйкес борыштарын өтеу туралы өтінім тапсырады.

БАНКТЕР БАРЛЫҚ АЗАМАТТАРДЫҢ (АЛДЫН АЛА 5 МЛН АЗАМАТ) борыштарының биылғы 1 шілдедегі дерек бойынша жиналып қалған өсімі мен айыппұлдарын өндіріп алады. Бұл ретте жалпы айыппұл және өсім сомаларының 30%-ын Қор өтейді.

Әр борышкердің 1 маусымға дейінгі жиналған **300 МҰҢ ТЕҢГЕДЕН** аспайтын мөлшердегі барлық бөшегі өтеледі, ал барлық азаматтардың 1 шілдедегі айыппұлдары мен өсім сомалары алынады.

БІЗДІҢ БАБАЛАРЫМЫЗ ӘЛІ КҮНГЕ ДЕЙІН ӨЗІНІҢ АСҚАН КӨРКЕМДІГІМЕН ТАМСАНДЫРАТЫН АСА ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕГІ КӨРКЕМ ДҮНИЕЛЕР ЖАСАҒАН. ЖАУЫНГЕРДІҢ АЛТЫНМЕН АПТАЛҒАН КИІМДЕРІ ЕЖЕЛГІ ШЕБЕРЛЕРДІҢ АЛТЫН ӨҢДЕУ ТЕХНИКАСЫН ЖАҚСЫ МЕҢГЕРГЕНІН АҢҒАРТАДЫ.

ЕЛБАСЫ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ «ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ»

«SARYARQA»

ГАЗЕТИН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ДЕ ОҚИ ЖҮРІҢІЗ!

- FACEBOOK.COM/SARYARQAGAZETI/
- T.ME/SARYARQA/
- @SARYARQA_GAZETI
- WHATSAPP + 7 708 420 19 88

SARYARQA-АҚПАРАТ

ТӨЛЕМ ҚАБІЛЕТІ ТӨМЕН ХАЛЫҚҚА БАСПАНА АЛУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІГІ ПАЙДА БОЛДЫ

Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі халықтық инвесторларды тартпақ. Қаржылық институттың Қазақстан қор биржасында орналастыратын облигациялары келесі аптадан бастап саудаға түседі.



Бағалы қағаздардың жылдық кірісі 9,5 - 10,5%-ды құрайды.

— Өнім желісін кеңейту мақсатында және алғашқы жарна ретінде баспананың 50% құнын жинау қиынға соғатын халық үшін осы облигацияларды орналастырып отырмыз. Және жыл соңына дейін оны «Әскери баспана» және «Өз үйім» бағдарламаларына жұмсау жоспарда бар, — деді Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі, — деді банктің басқарма төрайымы Ләззат ИБРАГИМОВА.

Сонымен қатар, банк өкілдері «Нұрлы жер» бағдарламасының жаңа бағыты — табысы төмен отбасыларға тұрғын үй сатып алуға несиелі беру бағдарламасын дайындап жатқанын айтты.

«Бақытты отбасы» деп аталатын бұл бағдарлама банкке республикалық бюджеттен 50 млрд теңге түскеннен кейін іске қосылмақ.

ҚАЗАҚСТАНДА 4 МЛН АДАМ ЖАСТАР САНАТЫНА ЖАТАДЫ

Республикалық «Зерен-2019» жастар лагерінің бірінші кезеңі қорытындыланды.

Бір аптадан астам уақыт бойы Зеренді көлінің жағасында жатып, бизнестің өліп-сөнісін үйренген жастар төлімгерлерімен бірге дайындаған жобаларын топ-топқа бөлініп қорғады. Үздік деп танылған жоба авторларын ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Гүлшара Әбдіқалықова марапаттап, шараға қатысушыларға лебізін білдірді.

— Барлық жағынан мемлекет жастарға қолдау көрсетуі керек. Осы жыл Жастар жылы болып белгіленді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та жастарға көптеген басымдық берілетінін айтып келеді. Жастарды қолдау мақсатында жол картасы жасалып, 89 бағыт айқындалған болатын «Зерен» лагері — соның бірі. Бұл шара жыл сайын болады, әрі қарай жалғасады деп сенемін, — деді Премьер-Министрдің орынбасары.

Оның айтуынша, Қазақстанда 4 млн адам жастар санатына жатады. — 29 жасқа дейінгі мамандарды баспанамен қамту үшін Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында 3 жылдың ішінде 9000-нан астам арнайы үй берілетін болды. Ең басты бағыт — жастарды кәсіпкерлікке баулу. «Жас кәсіпкер» бағдарламасының аясында биыл 9000-нан астам жасқа 505 мың теңгелік гранттар бөлініп отыр. «Бақтау» бағдарламасы тағы бар. Базар төңірегінде жүрген жастар бар, маргинал топтар бар. «Бақтау» осындай бұныға арналған. Елдегі 180 колледжді бөніп 20 университет Назарбаев университеті үлгісімен қайта жабықталады. Бұл кейін бүкіл республика аумағына таратылатын болады. Бүгінгі лагердің тағы бір мақсаты — тәжірибе алмасу. Алдағы бір айда тағы екі лекпен сіздер сияқты 400 жас көліп, болашаққа бағдар алып қайтады. Елімізде 4 млн жас бар. Бұл — үлкен күш. Ертенімді тірегі де өздеріңізсіздер, — деген Гүлшара Әбдіқалықова жобасы озық деп танылған жастарды марапаттады.

Лагердің үш кезеңі бойынша үздік деген 30 бизнес жоба іріктеліп, олардың қолдауға 30 млн теңге бөлінетін болады.

Жазғы лагерге елімізде білім алып жүрген шетелдік қазақ жастары да шақырылыпты. Ресей, Өзбекстан, Қытай және Моңғолия елінде тұратын жастар қазақстандық қандастарымен жақын танысып, бірге бизнес жобалар қорғауға мүмкіндік алып отыр.

Еске салсақ, 4 шілде күні Ақмола облысында «Зерен-2019» жас кәсіпкерлер лагерінің алғашқы маусымы басталған болатын. Елдің 17 өңірінен келген 200 жас Зеренді көлінің жағасында өлген танымал тұлғалармен жоғары лауазым иелерімен кездесіп, ашық әңгіме өрбітуге мүмкіндік алуда. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дәурен Абаев та Зерендіге барып, жастармен кездескен еді.

АРЫСҚА ЖАҚЫН ЕЛДІМЕКЕНДЕРДІҢ ТҮРҒЫНДАРЫ ДА ӨТЕМАҚЫ АЛАТЫН БОЛДЫ

Бас-аяғы 55 602 тұрғынға 100 мың теңгеден жалпы 5,6 млрд теңге көлемінде өтемақы төлеу жоспарланып отыр.

Арыс қаласындағы төтенше жағдайға байланысты ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин арыстықтарға 100 мың теңге көлемінде бір реттік өтемақы беру жөнінде тапсырма бергені белгілі.

«Бұл — ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бақылауында тұрған мәселе. Осы тапсырмаға сәйкес Арыс қаласының 44 994, Ақдала ауыл округінің 324, Қожатағай ауыл округінің 4 232 және Дермене ауыл округінің 2 052 тұрғынына 100 мың теңгеден өтемақы берілетін болды. Бұл қаражаттардың 3 млрд теңгесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерві есебінен, 1 млрд теңгесі облыстық бюджеттен және арнайы құрылған «Түркістан» әлеуметтік қорына түскен қаржыдан 1,6 млрд теңге бөлінеді деп күтілуде», — делінген өкімдік хабарламасында.

Жергілікті тұрғындардан құжаттарды қысқа мерзімде жинауға Арыс қаласындағы 17 секторда бекітілген тиісті мамандар және аудан, қала өкімдіктерінің қызметкерлері жұмылдырылған. Олар ағымдағы жылдың 3-ші шілдесінен бастап өтемақы алуға өтініштер жинақтауда. Бүгінгі күнге 58 207 тұрғыннан құжаттар жинақталып, бұл жалпы тіркелген тұрғынның 104,7 пайызын құрады. Аталған бағытта тиісті жұмыстар жалғасып, бекітілген мамандар келмеген тұрғындар бойынша мекенжайларына барып хабарлауда.

Төтенше жағдайдан зардап шеккен арыстықтарға бағытталған бұл төлемақы екі-үш апта көлемінде төленеді деп жоспарланып отыр.

ҚАРАҒАНДЫДА – ЖАҢА ТАҒАЙЫНДАУЛАР

Қарағанды облысы өкімінің өкімімен Балқаш қаласының өкімі болып Ораз Тәуірбеков тағайындалды. Бұған дейін ол облыстың экономика басқармасын басқарған.



Балқаштың бұрынғы өкімі Александр Аглиулин өз өтінішімен лауазымынан босатылды.

— Жинаған тәжірибесі мен білімінің арқасында ол Мемлекет басшысы қойған міндеттерге сәйкес жұмысты ұйымдастыра алады, — деді жаңа басшыны қала активіне таныстырған облыс өкімі Ерлан Қошанов.

Ораз Қайсаулы Тәуірбеков 1968 жылы Қарағанды қаласында дүниеге келген. Үш жоғары білімі бар. Ленинский комсомол атындағы Жоғары әскери-теңіз су асты жүзу училищесін, ҚР Еңбек министрлігінің Біліктілікті арттыру институтын, Ресей Федерациясы Үкіметінің Қаржы академиясын тәмамдаған.

Әр жылдары салық органдарында, ҚР Көлік, коммуникация және туризм министрлігінің «Казмортрансфлот» Ұлттық теңіз кеме компаниясында, ҚР Қаржы министрлігінде түрлі басшылық лауазымдар атқарған. 2013 жылдан 2017 жылға дейін Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі болып жұмыс істеді.

2017 жылдан бастап тағайындауға дейін облыстың экономика басқармасын басқарды.

Сондай-ақ, Қарағанды облысы Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма басшысы болып Нұржан Жетпісбаев тағайындалды.

Бұған дейін ол «Nur Otan» партиясы «Жас Отан» ЖК Қарағанды облыстық филиалын басқарған.

Нұржан Жетпісбаев — 29 жасы. ҚарМТУ және Қазақ инженерлік-техникалық академияны бітірген.

«Дарын» мемлекеттік жастар премиясының лауреаты.

ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕФОРМА

СОТ ЖҮЙЕСІНДЕ ЕЛЕУЛІ ӨЗГЕРІСТЕР БАР



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Президенті қызметіне ресми кірісу рәсіміндегі сөйлеген сөзінде сайлауалды тұғырнамасын жүзеге асырудағы негізгі он бағытты жариялаған болатын. Қоғамның көптеп бергі идеялары мен ұсыныстары көрініс тапқан осы жоспардың үшінші бағыты сот жүйесін қамтыды.

Білікті кадр — үлкен істердің бастауы

Қ.Тоқаев: «Сот — заң үстемдігінің кепілі. Сондықтан судьялар жоғары кәсіби және адамгершілік талаптарына сай болуы — бұл үлкен міндет. Судьялар мен осы қызметтен үміткерлерді бағалау және іріктеу жүйесін қатаңдату керек. Сот — әділдіктің соңғы шегі болуы тиіс. Құқық қорғау жүйесінің басты міндеті — халықтың сеніміне ие болу», деп аталған жүйенің алдындағы негізгі міндеттерді атап көрсетті.

Бұл саланы жаңғырту мен Мемлекет басшысы атап көрсеткен міндеттер Қазақстанның Тұңғыш Президенті — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған әрбір Жолдауы мен елімізде қабылданған мемлекеттік бағдарламаларды көрініс тауып келгені белгілі. Осы орайда, халық сеніміне ие болу мен әділ сот төрелігін жүргізу жолындағы істер Жоғарғы соттың күн тәртібінен түскен емес.

— Елбасының әрбір тапсырмасын абыроймен орындау — біз үшін жауапкершілігі жоғары парыз. Оның үстіне бұл міндеттерді орындау сот жүйесіндегі проблемалардың 80 пайызын шешетініне көз жеткізіп отырмыз. Бұл үдеден шығуымыз үшін алдымен заңнамаларды жүйеліп алуды жөн көрдік. Осының нәтижесінде бүгінге дейін Президент Әкімшілігі және Жоғары Сот Кеңесімен бірге 15 заң жобасын әзірледі — 6 заң күшіне енді, үшеуі — Парламентте және алтауы Мәжіліске енгізілме, — дейді Жоғарғы сот төрағасы Ж.Асанов.

Осылайша, үдемелі қарқынмен басталған жұмыстардың алғашқы нәтижелері де көп күттірген жоқ. Оның алғашқы легінде судьялыққа білікті кадрларды іріктеу сатыларындағы жаңашылдықтар тұр.

— Осы кезге дейін мықты заңгерлер судьялыққа ұмтылмайтын. Неге? Өйткені іріктеу мен карьералық өсу ашық емес, жүктеме ауыр, әлеуметтік қамтылу әлсіз деген сөздер айтылатын. Мұның бәрі іс жүзінде шешілді. Енді судьялыққа үміткерлер үшін іріктеуді қатайттық — олар кейістік тапсырмаларды шешеді, эссе жазады, Жоғарғы сот судьяларымен әңгімелесуден өтеді, психотест тапсырады және тағы басқа сынақтар бар. Ал осының нәтижесі қандай? Егер бұрын конкурстан өткізген кандидат өтсе, қазір тек әрбір жиырмасыншы ғана мүддірмей өтеді. «Кездейсоқ» заңгерлерге тосқауыл қойдық, — деп Ж.Асанов қай істің де білікті маман арқылы жанданатынын еске салды.

Міне, осы өзгерістер ендігі конкурстарға мемлекеттік органдар мен бизнес саласынан мықты заңгерлер келе бастайды деген үміт отын ұялатты. Өйткені қазіргі уақытта сот жүйесі жер қойнауың пайдалану, зияткерлік меншік, монополиелік заңнама, экология, қаржы, банк, салық салалары бойынша білікті мамандарға зәру.

Қызметінен босатылған судьялар қатары көбейді

Ж.Асановтың айтуынша, сот жүйесіндегі өзгерістер судьялардың қызметтен өз еркімен кетуін тоқтатуға ықпал етіп, судья боламын деушілер санын 2 есе арттырған. Сәйкесінше, сала мамандарының жеке жауапкершіліктері барынша күшейтілген. Дәлірек айтсақ, егер жыл сайын теріс сөздермен 6-7 судья лауазымынан босатылып келсе, биылғы 5-айда 20 судья қызметтерінен қаш айттық. Сондай-ақ бұрынғы жылы судьяларға қатысты әрі кетсе орта есеппен бір-екі қылмыстық іс қозғалып келсе, соңғы бес айдың ішінде ғана 7 (!) іс қозғалған. Бұл әрине, қуанарлық дерек емес,

алайда осы әрбір қылмыстық істің артында әділ сот төрелігін жүзеге асыру мен адам тағдыры тұрғаны анық. Жақып Асановтың айтуына қарағанда, бұндай сорақылықтардың алдын алу үшін биылғы мамыр айында Сапа жөніндегі комиссия құрылған.

— Ол «өсемін» деген судьялардың жеке және кәсіби қабілетін егжей-тегжейлі зерттейді. Комиссия биыл әрбір бесінші судьяны жаңа, «талапшыл» форматта бағаламақ. Жұмысында елеулі кемшіліктерге жол берген судьяның бұл сыннан табысты өтуі екіталай, ал ол қызметтен босатуға әкеп соғуы мүмкін, — деп ой қорытты Ж.Асанов.

Ақтау үкімі сенімге бастайды

Иә, сот жүйесінде ақтау үкімінің көбіне түскендігін ресми статистика көрсетіп отыр. Сонымен сандарды «сөйлетейік». Ж.Асанов келтірген деректерге қарағанда, елімізде өткен жасырдағы 80-жылдары түрмедегілердің саны 100 мыңнан асқан. Бүгін одан 3 есе аз — 30 мыңдай. Жоғарғы сот төрағасы мұның екі себебін айтады.

— Бұрын жеке адамға қарсы қылмыстар жиі болатын. 80-жылдары 100 мың қазақстандыққа 10 кісі өлтіру келсе, қазір 100 мың азаматқа 5 адам өлтіру. Екі есе аз. Екіншіден, құқық қорғау органы кімге айып тағады, сот соны кінәлі деп жазалайтын. Кінә жоқ болса да ақтауға батылы жетпейтін. Әрбір 2-ші сотталушыны бостандықтан айыратын. Кеңестік дәуірде сотты құқық қорғау жүйесінің бір бөлігі, жалғасы деп есептейтін бәрі. Сөйтіп бізде «қайыптауға бейімділік» ауруы пайда болды, — дейді Ж.Асанов.

Алайда, соңғы жылдары ақтау үкімдері барынша көбейген. Бұл ілгерілеу ел ішінде судьяларды Прокуратура мен Ішкі істер министрлігінің «нотариусына» айналды деген пікірлерден құтқаратыны анық. Мәселен, 2017 жылы ақтау үкімдерінің үлесі 1,4 пайыз болса, 2019 жылдың 4 айында ғана бұл көрсеткіш 7,5 пайызға жеткен. 111 тұлға сот заңында кінәсіз деп танылған. Міне, нақты көрсеткіш осы.

Енді, өткенге аз-кем көз жүгіртер болсақ, бұрынғы кездері азаматтық істер деген ұғым халықтық санасына сіңіспеген еді. Мәңгілік бәрі мемлекетке тиесілі, ал азын-аулақ даулар арбитраждан аспайтын. Жеке адамдардың шағымдары партия органдары, атқару комитеттері мен прокуратура қайышы шатағын. Бұл — сотқа сұраныстың аздығының айғағы.

Ал еліміз өгемендік алғаннан кейін нарықтық жүйеге ойыстық. Тиісінше, меншік даулары көбейді. Бірақ бастапқыда мұндай істер қылмыс әлемінің серкелері мен ракеттердің «өңшісі» болғаны есте. Сол кезде Елбасы «Құқықтық мемлекетте адамды өкіл емес, министр емес, Президент те емес, сот қорғауы тиіс» деп шегелеп айтты. Міне, сол сөзден бастап сот жүйесіне баса мән беріліп, маңыздылығы арта түсті.

Қазір соттар істерді тез қарайды. Бұрын соңғы нүкте қойғанша 2,5 жыл өтетін болса, қазір 1 жылдан аспайды.

Тағы бір атап өтерлігі, судьялардың тәуелсіздігіне қатысты өлемдік рейтингте еліміз 139 елдің ішінде 73-ші орында. Халықаралық қоғамдастықтың бұл ортаңқол бағасы судьялар басшылыққа тәуелді деген қорытындыдан шыққан. Сондықтан да Жоғарғы сот бұл мәселені заңнамаларға өзгеріс арқылы шешпек ниетте.

Серік ӘБДІБЕК
«Egemen Qazaqstan»

БАУЫРЖАН БАЙБЕК «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫН «ТАЗАРТПАҚ»

«Nur Otan» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Байбек Маңғыстау облысына жұмыс сапары барысында партия алдындағы міндеттерді атап көрсетті.

Жыын барысында ол партияның жаңа кезеңдегі міндеттерін анықтап, алдағы жұмыстың бағыт-бағдарын айқындап берді.

Өз сөзінде Бауыржан Байбек партияның сыйбалас жемқорлықпен күресті одан әрі күшейтетінін айтып, бұл жұмысты ең алдымен партия ішінен бастайтынын жеткізді. Осы ретте Маңғыстау облысында кейбір басшылық қызметтегі адамдардың сыйбалас жемқорлықпен ұсталғаны туралы деректердің бар екенін де атап өтті.

— Өңірлік филиалдың басшылығы жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі қоғамдық кеңестердің құрамы мен жұмысын жүйелі қадағалап отыру керек. Қазір партия қатары «тазалу» жұмыстарын жүргізіміз. Бұл істе біз санға емес, сапаға баса мән береміз, — деді партия төрағасының бірінші орынбасары.

Адамға лайықты жағдай жасау, оның құқықтары мен еркіндігін қорғау, жоғары өмір сүру деңгейін қамтамасыз ету — партия жұмысының негізгі басымдықтары. Сондықтан Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Сайлауалды тұғырнамасын жүзеге асыруда партияның рөлі ерекше.

Осы мәселеге назар аударған партия Төрағасының бірінші орынбасары басты міндет халықтың сенімін күшейту екенін тілге тиек етті.

— Халықтың сенімін күшейту үшін Елбасы партия жұмысын түбегейлі қайта қарастырып, мазмұнды «қайта жүктеуді» тапсырды. Бұл істе біз партиялық бақылауды күшейтіп, атқарылған жұмыстарды Парламент пен мәслихаттардағы фракцияларымызда белсенді түрде талқылайтын боламыз, — деді Бауыржан Байбек.

Сонымен бірге жиын барысында депутаттық сауалдар бүкіл қоғамды алаңдатқан аса өзекті мәселелермен үндесіп, байланысып жатуы керектігі, партия осы бағыттағы бақылауды күшейтуі тиіс екені айтылды. Осы ретте партия төрағасының бірінші орынбасары Маңғыстау облыстық мәслихатындағы депутаттық фракцияның жұмысы кеңіп көңілсіздігіне назар аударды.

— Жұмыс қорытындысы бойынша Маңғыстау облысы соңғы екі жылда көш соңында қалып келеді. Егер біздің депутаттар белсенділік танытып, өзекті мәселелерді талқылап, халықпен кездеспесе, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде сөйлесеміз, қандай қоғамдық сенім туралы айтуға болады?! Партия жараты жылдан кейін сайлауға кіммен барады?! Сондықтан бұл бағытта Маңғыстау облысы тиімді тетіктерді іске қосу керек, — деді Бауыржан Байбек.



Сонымен қатар ол Елбасы, партия төрағасының жаңа кезеңде бастауыш партия ұйымдарының жұмысын жандандыру, халықпен ері байланысты жүйелі жолға қою, әрі өтінішті назардан тыс қалдырмай, дер кезінде әрекет етуді партияның алдына маңызды міндеттер ретінде қойып отырғанын айтты.

— Партия халықтың үнін ести де, тыңдай да білу керек. Сол себепті партияның қоғамдық бақылауды жұмысын күшейтуіміз қажет. Бұл істе Маңғыстау облысында өтіншітерді тіркеуде кешігу сияқты мәселелер бар. Сондықтан әрбір келіп түскен өтініш міндетті түрде тіркеліп, ол толығымен оң шешім тапқанға дейін қатаң бақылауда болуы тиіс, — деді партия төрағасының бірінші орынбасары.

Сапар барысында Бауыржан Байбек халықтан келіп түскен өтініштерге сәйкес облыс орталығында салынып жатқан онкологиялық диспансерге барды. Бұл денсаулық сақтау нысанының құрылысы 2009 жылы басталған. Содан бері жұмысы өнбеген құрылысқа қатысты жергілікті тұрғындар партияға шағымданған. Сондықтан бұл нысан пайдалануға берілгенге дейін «Nur Otan-ның» қатаң бақылауында болады.

ОБЛЫС БАСШЫСЫ АРЫСТА БОЛДЫ



Арыс қаласында қазір Қарағанды аймағынан барған 200-ге жуық жұмысшы мамандар еңбек етуде. Зақым келген үйлерді қалпына келтіру үшін терезелерді, шатырларды, есіктерді ауыстырып, басқа да біршама жұмыстарды атқару қажет. — Егер сіздерден негізгі белгіленген жұмыс ауқымынан бөлек қосымша бір шаруаларды жасау сұралса, қол ұшын созыңыздар! Зардап шеккен адамдар да бүлінген үйлерді қосымша жөндеу қажеттілігі туындаса, жоспар талабына қатаң бағынып, көрініп тұрған істен бас тартудың еш қажеті жоқ, — деді Ерлан Жақанұлы қарағандылық жөндеу-құрылыс мамандарымен жүздесу барысында. Апат аймағында Қарағанды облысы өкімінің бірінші орынбасары, қалалар мен аудан өкімдерінің орынбасарлары жұмыстың сапалы әрі мерзімінде орындалуын

Қарағанды облысының өкімі Ерлан Қошанов Түркістан облысының Арыс қаласына арнайы іссапармен барды. Онда қазыналы аймақтың басшысы оқ-дәрілер қоймасындағы жарылыстан кейін бүлінген үйлерді қалпына келтірумен айналысып жатқан қарағандылықтардың жұмысының өнімділігін бағамдады.

Олар сондай-ақ, олардың қолдарымен кездесіп, олардың пікірлеріне құлақ түрді айнымас әдетіне айналдырған.

— Біз Шымкенттегі эвакуациялық пункттен Арысқа келгенде пәтерде терезе жоқ екенін көрдік. Сол күні құрылысшылар келіп, тиісті өлшеулер жасады. Терезені ауыстырды. Жұмыс жылдам әрі сапалы атқарылуда. Өздері өте сыйайы. Біз өте ризамыз, — деді аталған қаланың Әл-Фараби көшесіндегі №5 үйдің тұрғыны Күләш Ешназарова.

Облыс өкімі Ерлан Қошанов снаряд түскен үйге де бас сұқты. Жарылыс шатырды зақымдап, терезелер мен бөлмеаралық есіктердің айнектерін қиратқан екен.

Үйімізді тез жөндеуге ықпал еткендеріңіз үшін алғысым шексіз. Бүлінген дүниелерді қалпына келтіру әзімізге тым қиынға соғар еді, — деді үй иесі Күләш Ербаева. Қалпына келтіру жұмыстарынан бөлек, Қарағанды облысы демеушілер қаражаты есебінен қаланың бір аудан- нында жаттығу қондырғылары бар спорт алаңын салады. Аула аумағын екі аптаның ішінде абаттандыру жоспарлануда. Сондай-ақ, Ерлан Қошанов №18 мектеп қызметкерлеріне оқушыларға арналған спорттық құрал-жабдықтар жиынтығын табыс етті.

Қарағандылықтар зардап шеккендерге шығынды бағалау және өтемақы алу үшін қажетті құжаттарды жинауға да көмек қолын созуда. Принтерлер және компьютермен жабдықталған қабылдау пункттері тікелей тұрғын үйлердің ауаларында ашылды. Олар демалыссыз жұмыс істеп тұр. Қарағанды облысының есебінен Арыс қаласында барлығы 591 пәтер мен жеке үйлер қалпына келтіріледі. Жүргізілетін барлық жұмыстар қысқа мерзімде аяқталмақшы.

Қарағандыдан Арыс қаласына гуманитарлық көмек — азық-түлік, дәрі-дәрмек және жеке бас гигиенасы құралдары өлі де жіберілуде.

Облыс өкімінің баспасөз қызметі.

СЕНАТОР САПАРЫ

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАҒА БАСЫМДЫҚ БЕРІЛЕДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)



Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлықтың да өлі күнге өзекті болып отырғаны жасырын емес. Жемқорлықты жеңбей, оның жолын кесетін жүйе орнатпай әділдікке жетпейміз. Одан кейін мемлекеттің өлеуеті, халықтың жағдайы жаңа кәсіпорындардың ашылып, өндірістің дамуына тікелей тәуелді. Президентіміздің туғынамасындағы «Өрлеу» тарауы осы бағыттағы жұмыстарға арналған. Шағын және орта бизнесті дамыту, олардың жолындағы кедергілерді азайту, жаңа жұмыс орындарын ашу – басты міндет, – деді Сенат депутаты фабрика еңбеккерлері алдында.

Сенатор атбасын бұрған келесі нысан Орталық аурухана маңында салынып жатқан көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы алаңы болды. Бес қабатты, алпыс пәтері бұл үйдің құрылысы сәуір айында басталған. Келер жылдың соңына дейін пайдалануға беріледі деп жоспарланған үйдің құрылысына бюджеттен 358 млн теңгеден астам қаражат қарастырылған. Құрылыс жұмыстарының барысымен танысқан сенатор арналық пәтерлерді бөлу кезінде көп балалы және әлеуметтік тұрғыда аз қамтылған отбасыларға мән беру керектігін ескертті.

Бұл ретте қала әкімінің орынбасары Н. Орынбаев көпбалалы аналарды баспанамен қамту жергілікті әкімдіктің назарында екенін, бүгінде 125 көпбалалы отбасы үй кезегінде тұрғанын, мына салынып жатқан үйден де, кәсіпкерлердің көмегімен де аталған категориядағы отбасыларға пәтер-

лер берілетінін, сондай-ақ, баспана алу үшін қаржылай сертификат тапсыру бойынша



да жұмыс басталғанын жеткізді. Бұл ретте «Қазақмыс» корпорациясы да өз жұмыскерлерін баспанамен қамту бағдарламасын қабылдағанын да айта кеткен жөн. Естеріңізге салсақ, біраз жылдан бері

тоқтап қалған тұрғын үй құрылысы өткен жылы жанданып, қалада екі көп қабатты тұрғын үй бой көтерген болатын. Арнадалық және «Тұрғын үй құрылысы жинақ банкі» бағдарламасымен салынған ол үйлерден 70 отбасыға пәтер кілті табысталған еді. Қалада мемлекеттік бағдарлама аясында тағы 90 пәтерлі үй салу жоспарланып отыр.

Рысқали Әбдікерев қаладағы Жұмыспен қамту орталығына да соғып, жұмыспен қамту, әлеуметтік қамқорлық бағдарламаларының орындалысымен танысты. Қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова сенаторға орталық ғимаратын, ондағы жұмыс процесін кеңінен таныстырды. Мұнда жұмыссыздар қала бойынша бос орындар тізімімен танысып, жұмыс орнына жолдама ала алады, сондай-ақ, уақытша жұмыссыздығына байланысты әлеуметтік жәрдемақы, арнайы әлеуметтік көмек те осында рәсімделеді. Жергілікті басқару органдарына тұрғындардың өтініш, ұсыныстарын қабылдау да осы орталықта жүзеге асады.

Орталық жұмыспен танысқан сенатор мекеме мамандарына әлеуметтік саладағы өзгерістер, қабылданып жатқан заңнамалар туралы айтып берді.

– Биыл елімізде әлеуметтік салаға ерек-



лығы сезініп, өзіне тиесілі көмекті дұрыс алуы сіздердің жұмыстарыңызға тікелей

Орталыққа келушілер де сенаторға арнайы әлеуметтік көмек жәрдемақысы, бас-



байланысты, – деген Рысқали Әбдікерев орталықтың жұмысына оң бағасын берді. Сондай-ақ, ол шағын несиесі беру, жұмыссыз азаматтарды кәсіпкерлікке баулу бағытындағы бағдарламаларға да тоқталды.

пана, білім гранттары мен кәсіпкерлікті қолдау шаралары бойынша сұрақтарын қойып, тұщымды жауап алды.

Дархан МҰХАН

МЕРЕКЕ АЙШЫҚТАРЫ

ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ

дүние есігін ашқан сәбилерге ерекше сый жасады

Кезінде әрбір қазақтың төрінде ілулі тұратын домбыра аспабын қазіргі қазақ шаңырағынан сирек кездестіретініміз жасырын емес. Мыңжылдық тарихтардан сыр шертіп, ғасырлар көшін жалғаған домбыра аспабын жас ұрпаққа кеңінен дәріптеп, арда байлығымызды әлемге паш ету мақсатында былтырдан бастап шілденің алғашқы жексенбісі «Ұлттық домбыра күні» деп бекітілген болатын.

Биыл екінші рет аталып өтілген ұлт мерейін асырау осынау күнді барша қазақ жұрты зор қуанышпен қарсы алды. Соның бір аяғы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз құттықтау сөзінде:

– Домбыра аспабы – қайталанбас асыл дүние. Сондықтан мектепте домбыра үйрену сабақтарын енгізу қажетті әрі дұрыс бастама. Себебі қазіргі жаппай жаһандану уақытында халқымызға тән бірегей құндылықтарды жаңғырта беруіміз керек, – деп бүкіл Қазақстан жұртын тың идеясымен қуантты.

Осынау қазақ деген ұғыммен егіз жаратылған «Ұлттық домбыра күні» Жезқазған халқы да асыға күтті. Газетіміздің өткен санында жариялағанымыздай «Ұлттық домбыра күні» тойлауды жезқазғандықтар шілде айы туысымен бастап кеткен-ді. Осынау игі шараны одан әрі Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі, Қарағанды облыстық Қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы, Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты Бекзат Алтынбеков жалғастырды. Бекзат Алтынбеков Жезқазған қалалық Қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы Базарбай Әлеуханұлы, Қазақстан Халқы Ассамблеясының мүшесі



Зинаида Чумакова, Бизнес және көлік колледжі құрылтайшысының кеңесшісі Мұқағали Сейтқазы және ел астанасы Нұр-Сұлтан қаласынан арнайы келген «Asyl adam» қайырымдылық қорының президенті Кеңілбай Шүкеновпен бірге «Ұлттық домбыра күні» Жезқазған қалалық перзентханасына бас сұқты. Айтулы күні Жезқазған перзентханасында үш нәресте дүниесіне ашты.

Ұлттық домбыра күні сәби сүйген Ләйле Баймұратова, Кристина Комова, Нұргүл Муסיнова есімді үш анаға Бекзат Алтынбеков Қазақстан Халқы Ас-

самблеясының атынан құттықтау хаттары мен көрімдігіне ақшалай сыйлық табыстады. Ұлттық домбыра күні бірінші болып перзентхананы сәби іңгесіне бөлеген әрі өзі алғаш рет ана атанып отырған Ләйле Баймұратованың отбасы мүшелерінің өтінішімен бөбегіне Бекзат Алтынбеков елдің айнасы, дидары, мақтанш етер келбеті болсын деген ниетпен Келбет деп ат қойды. Кішкентай Келбетке Кеңілбай Шүкенов Нұр-Сұлтан қаласынан арнайы алып келген домбыраны сыйға тартты.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ПРЕЗИДЕНТ АЛҒЫС ХАТЫМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Астана күні қарсаңында «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы ғимаратында партияның «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Шығысов пен Жезқазған қалалық филиал төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженова Қазақстан Республикасының кезектен тыс Президенті сайлауы аясында жүргізілген үгіт-насихат жұмыстарына атсалысқан қаламыздың бір топ белсенді азаматына ел Президентінің Алғыс хаттарын табыстады.

Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен Бауыржан Шығысов, Гүлмира Қаженова, Абдрахман Досанов, Мұрат Бөрібаев, Светлана Жумкина, Елдос Әбіқенов, Тұрсынбай Ибадатов, Дархан Мұхқан, Уәли Жағыпаров, Жанар Салықова, Ізтілеу Түсіпов, Сәкен Смағұлов, Меруерт Нұрмағанбетова, Ақансері Сүлейменов, Саяжан Қонысова, Жанбота Шабат марапатталды.



Сондай-ақ, астана күні қарсаңында «Nur Otan» партиясы жаңа мүшелермен толықты. Салтанатты іс-шарада Кирилл Данияров, Азамат Шаймерден, Күлпей Мерғали, Гүлім Қуанышева, Гүлдана Әуезхан, Надежда Афицкой, Қарашаш Бекен, Меруерт Кенжебекова, Алма Оразбекова, Ақерке Сапарға партияның мүшелік билеттері табыс етілді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ



Өткен аптада Жезқазған қаласы қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы өтті.

Күн тәртібінде учаскелік полиция инспекторларының қала тазалығын сақтау бойынша заң талаптарының орындалысын бақылау жайы және қаланы жылумен, электрмен қамтамасыз ету нысандарының 2019-2020 жылғы қыз-қыз маусымына дайындық барысы талқыланды.

Жергілікті полиция қызметінің басшысы Аманжол Көрімов пен қала әкімінің орынбасары Нұржан Орынбаевтың баяндамалары тыңдалды.

Жергілікті полиция қызметінің бастығы қала тазалығына нұқсан келтірген азаматтар мен кәсіпкерлік субъектілері заң аясында жауапқа тартылып жатқанын айта келе, кей кәсіпкерлер мен тұрғындардың қатты қалдықтарды шығарумен айналысатын кәсіпорындармен қажетті келісім-шарт жасауға өлі де құлықсыздық танытып отырғанын жеткізді. Алты ай ішінде тазалық сақтау ережелерін бұзу туралы 488 өкімшілік хаттама топтырылған. Кәсіпкерлермен қатар, өздері жауапты аумақ тазалығына салғырт қараған

ПІК-терге де жаза қолданылған. Сондай-ақ, қалада орнатылып жатқан бейнебақылау камераларының мүмкіндіктері туралы айтып берді.

Кеңес төрағасы Сағындық Қожамсейітов бүгінгі таңда учаскелік инспекторлардың жұмысы қанағаттанарлықсыз деген баға беріп, алдағы уақытта халықпен байланыс, өздері жауапты аумақтағы тазалықты қадағалау бағытындағы жұмысты жандандыруды сұрады.

Алдағы жылыту маусымында дайындақ шаралары туралы баяндаған әкім орынбасары Н. Орынбаев қаладағы жылу энергия орталығында 2,5 млрд теңгеге жөндеу жұмыстары жүріп жатқанын айтты. Қазандықтар мен турбиналар кестеге сай ағымдағы және құрделі жөндеуден өтуде. Жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорны да жоспар сай жұмыс істеуде. 28 шақырым инженерлік желілерді жаңарту жоспарлануда. Сондай-ақ, көп қабатты тұрғын үйлердің жылыту маусымына дайындығы қазірден пысықталу үстінде.

Өз тілшіміз Суреттерді түсірген: Ғали ӘБДИҒАППАРОВА

ЕЛДІК пен ЕГЕМЕНДІКТИҢ АЙҒАҒЫ



Күн сайын жаңа келбет пен ғажайып көріністерге, сәнді де мәнді бейнелермен толықтырылып, дамудың биік белесіне көтерілген ел астанасының 21-ші туған күнін Жезқазған қаласы да зор қуанышпен қарсы алды. Астана күніне орай Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде «Туған күнің құтты болсын, арман қала!» атты мерекелік көш ұйымдастырылды.

Құрметті жезқазғандықтар, баршаңызды ел астанасы Нұр-Сұлтан қаласының туған күнімен шын жүректен құттықтаймын. Нұр-Сұлтан қаласы еліміздің мақтаншы, егемендігіміз бен тәуелсіздігіміздің айғағы. Осыдан 21 жыл бұрын Елбасымыздың батыл әрі көреген шешімінің нәтижесінде Қазақстан астанасы Елорда ретінде тарихта қалды. Бүгінгі Нұр-Сұлтан қаласы мақсат-міндеттері айқындалған, тың идеялар мен нақты сенім-

дердің ұйтқысы, бөреке-бірілігіміздің алтын дінгеі. Қазақстан астанасы Нұр-Сұлтан қаласы өлемдегі ең әсем қалалардың алдыңғы қатарынан орын алуы үшін әрбір қазақстандық өз үлесін қосуда. Солардың қатарында биыл 65 жылдығын атап өткелі отырған қаламыздың тұрғындары да бар, – деді өз құттықтауында Жезқазған қаласы әкімінің міндетін атқарушы Аманғали Мұхамбетдин.

Кеш барысында Аманғали Мұхамбетдин Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен «Алтын алқа» белгісін Ақжарқын Төкішовқа және «Күміс алқа» белгісін Сағиял Құлымбаева, Шапағат Бейсенова, Елена Диллер, Нұргүл Омарова, Көмшат Әбдіқалиева, Жазира Алпысбекова, Дина Айтқалиева, Әсем Ахметова, Айымқұл Танкебаева, Әсел Бақбергенова, Гүлмира Бекмахановаға табыстады. Қазақстандық салалық мәде-

Арқа төсінде, ерке Есідің жағасында Еуразияның жүрегі нәм тәуелсіздіктің тірегіне айналған әсем астанамыздың бой көтергеніне биыл 21 жыл 21 жыл ішінде тәуелсіз Қазақстанның басты мәртебесіне айналған әсем шаһардың тарихын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев VIII ғасырларда бой түзеген Бозоқ қалашығының басты мұрагеріне балаған болатын. 21 жылда «Әлем қаласы» атағын иеленген көрмек де кемел астанамыз биыл 23 наурызда Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Елбасының құрметіне Нұр-Сұлтан атауына ие болды. Осылайша Нұр-Сұлтан қаласы өлемдегі кісі есімімен аталатын Вашингтон, Париж, Сантьяго, Сан-Марино, Джорджтаун, Коломбо, Валлетта, Веллингтон, Мәскеу порты сияқты астаналардың қатарын толықтырды.

ниет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағының «Еңбек даңқы» төселгісімен Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі Берекешев Көшенов марапатталды.

Құттықтау рәсімін одан әрі Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы Советбек Медебаев жалғастырды. Советбек Медебаев астана күніне орай ел дамуы мен өркендеуіне қоқан айрықша үлесі үшін Қарағанды облысы әкімінің Алғыс хатымен Бітімші Жақыпбеков, Мейрамқұл Лекерова, Нұрбек Шәмділі марапатталды.

Бұлбұл дауыс әншілер, мың бұралған бишілер мен әсем астанамыздың қалыптасу тарихынан сыр шерткен әдеби көрініс одан әрі көш санын кіргізіп, көрермен қауымға шаттық сыйлады.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

«ЖУСАН» ГУМАНИТАРЛЫҚ ОПЕРАЦИЯСЫ

Ертеде бір батыр жігіт өз елін тастап, жат жұртқа кетіп қалған екен. Оны елге қайтару үшін сан мәрте барған елшілердің сөзіне құлақ аспапты. Сонда бір тапқыр данышпан келкен жусанның бір бумасын апарып іскеткенде елге деген ерекше сезімі оянып, көзінен сағыныш жасы парлап, жедел туған еліне оралыпты. Қазақ даласының жұпары атанған жусан қашаннан туған жер туралы сөз қозғалғанда Отанға деген сағыныш, елге деген махаббатпен қатар аталады. Кезінде Мысырды билеген Бейбарыс бабамыз да туған елден жусан мен жусан иісі бүрқыраған қымыз алдырып ішкен деседі.

Жыл басында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасымен Сириядағы қарулы қақтығыстарда лаңкестер тұтқынында болған ел азаматтары эвакуациялауды жүзеге асырған кең ауқымды гуманитарлық операция «Жусан» атауын иеленді. Алғашқы кезеңі 5-6 қаңтарда жүзеге асқан «Жусан» операциясы туралы мәлімдеме жасаған Елбасы біздің құзырлы органдар мұндай кең ауқымды шараны бұған дейін жүргізбегеніне назар аударды.

— Биылғы 6 қаңтарда менің тікелей тапсырмам бойынша құқық қорғау органдары мен Сыртқы істер министрлігі жүргізген үлкен гуманитарлық операция өз нәтижесін берді. Біздің құзырлы органдарымыз бұрын-соңды жасалмаған жұмысты іске асырды: Сириядан Қазақстанға 47 азаматымыз, соның ішінде әйелдер мен 30 бала елімізге қайтарылды. Олардың барлығы дағдарыс жайлаған елге алданып барып, террористердің тұтқынында болды. Біраз адам соғыс арасында қаза тапты. Ал мына адамдарды біз өзімізбен достық қарым-қатынастағы мемлекеттің көмегімен

наласы, туыстарымен қайта байланыс орнатты. Балалары мектепке, балабақшаға барды. Қазақстан азаматтары мұндай оқиғасын қадамға террористердің теріс, шын мәнінде, жалған үгіт-насихатының ықпалымен барды. Бүгінде олар жаңа өмір бастау үшін өз еркімен Қазақстанға оралуда. Олардың жасаған қателігі үшін балалары өзге елде қиналып, зардап шекпеуі тиіс. Қазақстан терроризммен күрес жүргізу, сондай-ақ, қиын жағдайда қалған азаматтарына қол ұшын созу міндеттемелерінен бас тартпайды. Гуманитарлық акция жалғаса береді. Біз өз азаматтарымыздың тағдырына ешқашан бей-жай қарамаймыз. Аталған гуманитарлық операцияға қатысқан Сыртқы істер министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің және басқа да мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне және шетелдік серіктестерге алғысымды білдіремін, — деді Президент өз мәлімдемесінде.

Ел арасында бұл операция туралы түрлі пікір айтылуда. Жұрттың көбі қайырымдылықтан туған игі бастаманы қолдағанымен

барғандарын айтады. Бізбен әңгімелескен келіншектердің бірі Айгүл (Ескерту: Мақалада кейіпкерлердің аттары өзгертіліп жазылған — ред.) Жезқазғанда киім сататын дүкендері болғанын күйеуі екеуі 2009 жылы көктемде араб тілін үйрену мақсатымен Египетке қоныс аударғанын айтады. Басында үш айға ғана барамыз деген ойлары болған. Алайда, Египетте төрт жылдай аялдаған. Өзі екі жыл оқу оқығанын, кейін босанған соң екі жылдай үйде отырғанын айтады. Ал Сирияға алдымен күйеуі 2012 жылдың күз айларында Египеттен аттанғанын айтады.

— Күйеуім «Өзім барамын, сен осында қаласың» деді. Бір-екі айдан кейін хабарласып, «Сирияға кел» деп шақырды. Басында барғым келмеді, қорықтым. Бірақ, ол онда соғыспайтынын, қуәтте қызмет ететінін, қазақтар да барып жатқанын, өздері тұратын жерде соғыс жоқ, бейбіт елді мекен екенін айтып үгіттеді. Ол кезде күйеуім Алеппо қаласының маңындағы елді мекендердің бірінде жүрді. Күйеуімнің артынан үш-төрт айдан соң мен де бардым. Біз барған кезде бір жылға жуық онда ешқандай соғыс, қақтығыс болмады. Дағыстандықтардың ортасында тұрдық. Күйеулеріміз өздері жұмысқа кетеді, әйелдер үйде отыратынбыз. Ешқайда шықпадық. Біз барған кезде ол жер Сирия ресми билігінің қарауында болды, халифат әлі құрылмаған кез. Бір күні күйеуім тұтқынға түсті, — деген ол кейін күйеуін содырлар өздеріндегі тұтқындарға айырбастап, бостандыққа шығарғанымен 2017



Жіберіп бере алмады. Өз бетімізше кетіп қалайық десек жолдар миына алған, қауіпті болды. Сөйтіп жүргенде «жол ашық» деген хабар естідік, — дейді Сәуле. Арып ашып, босқындар лагеріне жеткен

Біреуге біреу қарайласатын жағдай болмады. Әркім өзін ғана ойлады. Босқындар лагеріне өту де оңайға соқпады. Екі келіншекті көзіме мергендер атып тастады, «ғоршукта» отырған баламның төбесінен оқ зулағанын көрдім. Қан-

ҚАЗАҚҚА ТӘН ҚАМҚОРЛЫҚТЫҢ АЙҒАҒЫ

Қазақстанның ұшағымен алып келдік. Қазақстанға келген соң әйелдер мен балаларға мемлекет тарапынан барлық көмек көрсетілді. Олар енді бір ай бойы бейімдеу орталығында болып, қажетті медициналық көмек алды. Тағдыр тауқыметін тартқан балалар мен әйелдердің қуанышында шек жоқ, көздері жасқа толғанып көрдік, — деген еді Нұрсұлтан Назарбаев «Жусан» операциясының алғашқы кезеңінен соң жасаған мәлімдемесінде.

Жалпы, осы уақытқа дейін «Жусан» гуманитарлық операциясы үш рет жүзеге асты. Операцияның үш кезеңінде Сириядан бар-

көй мәселелерге байланысты сұрақтар да жоқ емес. Солардың ішіндегі ең жиі қойылатыны «Жат елге соғысуға кеткен ол адамдарды қайтарудың қажеті қанша? Олар ел ішінде қауіп төндірмей ме?» деген сұрақ. Бұл сұрақ журналистер тарапынан осы операция алғаш басталғанда-ақ қойылып, жауапты мекемелерден толыққанды жауап та берілген. Гуманитарлық операцияның түпкі мақсаты мен елге оралғандарды оңалту жұмыстарының жай-жапсары да түсіндірілген. «Жусан» операциясының екінші кезеңінің аяқталуына орай Сыртқы істер министрлігінде өткен баспасөз

жылы инсульттан қайтыс болғанын одан кейінгі өмірі үздіксіз бомбалаулар мен атыс-шабыстан қашумен өткенін айтады.

Айгүлдің айтуынша, содырлар ұрған «Ислам мемлекеті» террорист ұйымы теріс ағымдардың үгіт материалдарында насихатталғандай «жұмақ» белгілерінен адал болған. Елге қайтатын дегендерді қоршауда ұстап, босқындар лагеріне қосылуға шектеу қойған. Тіпті, ол лагерьге өту үшін кей пысықайлар босқын әйелдерден 5-6 мың АҚШ доллары көлемінде ақша талап еткен.

«Жусан» операциясының үшінші кезеңінде елге оралған Сәуле де көңіл жарастырып

оларға қазақстандық дипломатиялық қызмет өкілдері көмек көрсетіп, елге жеткізген.

— Жастықпен, не бары 18 жасымда кетіп қалдым. Ештеңенің байыбына бармадым. Осы алты жылда небір қиындық көрдім. Балаларымды қалай аман алып қаламын деп жан ұшырған күндерім әлі көз алдымда. Ондай күнді жауыма да тілемес едім. Аллаға шүкір, ол пен судан аман шығып елге жеттік. Бізді құтқарып, осында жағдай жасап жатқан мемлекеттің қамқорлығына алғыс айтам, осындай елім болғанына шүкіршілік етемін, — дейді ол. Сәтбаев қаласының тумасы Әлия есімді

шама бала аштан өлді. Үш ай бойы кебекпен қоректендік, сол аштықтың зардабынан қызым әлі салмақ жинай алмай жүр, — деген ол босқындар лагеріне жеткенде екінші рет дүниеге келгендей күй көшкенін айтады.

— Онда жан-жақтан келгендер болды. Франциядан, Австралиядан, Еуропаның басқа да елдерінен, Қытайдан барғандарды көрдік. Франция дипломаттары балаларды алып кетіп, әйелдерді түрмеге қамағанын естідік. Алайда, Қазақстан сияқты қамқорлық танытып, отандастарын құтқарып жатқандарды көрмедік, — дейді ол.

ЮНИСЕФ мамыр айында таратқан мәліметте Сирияда ДАИШ террористік ұйымы содырларының 29 мың баласы жүргені айтылады. Ол балалардың көбінің жасы 12-ге толмаған және 20 мыңға жуығы Ирактан шыққандардың баласы болса, қалғаны әлемнің 60 шақты елінен Сириядағы соғысқа аттанғандардың балалары. Сонымен бірге, осындай тағдыр мың шақты бала Иракта жүргені айтылады. Олардың көбі босқындар лагерлерінде, жетімдер үйі мен құпия оқшаулағыштарда ұсталуда. Кейбірі аналарымен бірге болса, көбі шешелерінен жырақтап қалған.



лығы 524 қазақстандық елге әкелінді. Оның 30-ы ер адам, 137-і әйел, 357-і көмелеттік жасқа толмағандар. Елге жеткізілген балалардың ішінде 27 жетім бар. Елге қайтарылған азаматтар 2012-2015 жылдар аралығында Астана, Алматы қалалары, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды және Маңғыстау облыстарынан кеткен. Ал Қазақстанға оралған балалардың әкелері түгелге дерлік соғыс жағдайында опат болған.

Қазақстандық дипломатиялық қызмет пен ұлттық қауіпсіздік органдары жүзеге асырған бұл гуманитарлық операция — ел азаматтарының қауіпті аймақтан шығару және лаңкестік құрбандарын құтқару ісінде бұрын-соңды болмаған оқиға. Операцияның мақсаты жат елде жүрген азаматтарды елге өкпемен шектелмейді, оларды қоғамға бейімдеу, балалар мен әйелдерге психологиялық-медициналық көмек көрсетудің, жұмыспен қамтудың, оқытудың кешенді шаралары жүзеге асырылады.

«Жусанның» түпкі мәнін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев операцияның екінші кезеңінде қорытындысы бойынша жасаған мәлімдемесінде атап өткен болатын.

— Қазірдің өзінде аталған жұмыстың оң нәтиже беріп отырғанын айтуға болады. Биыл қаңтар айында елге оралған әйелдер бұрынғы радикалдық өмірінен бас тартты, жұмысқа ор-

мәслихатында ҰҚК департамент бастығы Бақытбек Рахымбердиев қиын жағдайға тап болған азаматтарына көмектесу ер мемлекеттің міндеті және бұл әлемдік тәжірибе екенін атап өткен болатын.

— Бастысы — еш жазығы жоқ, өз еріктерінен тыс жат жердегі соғыс ортасында қалған балаларды құтқару. Біз мемлекет ретінде өз міндеттемелерімізді орындап, оларды Отанына қайтарып жатырмыз. Сонымен бірге, елге әкелінгендердің ішінде кінәлілер болса, олар жазасыз қалмайды. Бұл — біздің принципті ұстанымымыз. Ал кінәсіздер оңалту шараларынан соң қалыпты өмір бастайды. Бұл — халықаралық келісімдер аясында жүзеге асатын әлемдік тәжірибе. Біз кінәлі азаматтарды шетелде қалдыра алмаймыз, олар онда Қазақстанға қарсы лаңкестік әрекеттерін жалғастыра береді. Балаларды да бүгін елге әкелмесек ертең олар да әлгі содырлардың қатарын толықтырады, — деген еді ол.

Шынымен, қылмысқа қатысы бары дәлелденіп, сот шешімімен жауапкершілікке тартылғандарды айтпағанда, елге оралғандардың дені — жат жердегі соғысқа еріксіз тап болған әйелдер мен балалар. Жезқазғандағы бейімдеу орталығындағы Сириядан оралған әйелдер онда күйеулерінің сөзіне еріп немесе интернет арқылы жалған уәдеге сеніп

жүрген жігіттің шақыруымен 18 жасында Түркияға кеткенін айтады. Айтуынша қыдырып келуге шақырған. Неке қиып, тұрмыс құруды ойлап жүрген кезі, бірден келісіп, шақыруан қабыл алған. Алайда, Түркияда 2-3 күн ғана аялдап, Сирия асқан. Күйеуі «Сирия басшысы Б. Асад мұсылмандарды қыспаққа алып жатыр, бауырларға көмек көрсетуіміз керек» деген желеумен ертіп аларған.

— Барған бетте соғыс болып жатты демеймін. Кейін халифат жарияланып, дүрбелең басталды. Сирияға барғаннан соң алты айдай уақыт өткен соң күйеуім оққа ұшты. Мен Түркияға қайта өттім. Паспортым болмады, аяғым ауыр. Жанымда күйеуі менің күйеуіммен бірге қайтыс болған келіншек бар еді. Оның құжаты түгел еді. Ол қашып үлгерді. Мен сонда қалып қойдым. Босанған соң мені қайтадан Сирияға шығарып жіберді. Раққа қаласында жүріп, Сәтбаев қаласының жігітіне екінші рет тұрмысқа шықтым. 2018 жылы ол да қайтыс болды. Жесір әйелдер бір үйде тұрдық, Әуе шабуылы күшейді. Босып жүрді. Үшінші балам босанған соң, он күннен соң шетінен кетті. Елге қайту үшін күрдтердің бақылауындағы лагерьге жетіп алуымыз керек еді. Оған жеткізіп салатындар 6 мың доллар ақша сұрады. Ондай ақшамыз болмады, елден де ешкім

келіншек Сирияға Қарағандыда университеттің 2-курснда оқып жүріп кеткенін айтады.

— Патерде бірге тұрған қыздар сол жақтағы жігіттермен байланыста болды. Біз жақтың жігіттері де бар екен. Интернет арқылы солардың біреуімен сөйлесіп жүрдім. Елден шығудың жолдарын айтты. Сөйтіп 2013 жылы 2-курсның 1-семестрінде Мәскеуге билет алып, Мәскеуден Түркияға ұштым. Ары қарай Сирияға өттім, сонда тұрмыс құрдым — дейді Әлия.

Күйеуі қайтқан соң екінші рет өзірбайжан жігітін тұрмысқа шыққан. Кейін ол да қайтыс болған. Үш баласымен босқындар лагеріне жетіп, сол жерден елге оралған.

— Соқыр сенімге ердік. Бізді ол жақта дін ғұламалары шақырып жатыр деп ойлады. Мұсылмандар қиналып жатыр дегенге сендік. Енді қарап отырсақ мұның барлығы шексіз зұлмдық екен. Адамның еш құны болмады. Қаншама қан төгілді. Жарақат алған, тұтқынға түскендерді іздеуші болмады. Аштық көрдік. Әйел, балалар су таппай қиналды. Жесір әйелдерді «мақар» деп аталатын үйге қамап ұстады. Сыртқа шығармайды, даланы аптасына бір-ақ рет көретіміз. Бұл шектеудің барлығы шындықты жасыру, содырлардың арам пиғылын бүркемелеудің амалы екен. Көзі ашылып, аққатты танығандарды түрмеге жапты, жазалады. Әділдік табымыз деп барғандар сөйтіп небір зұлмдыққа тап болдық, — дейді ол.

Біз сұхбат құрған Жанар есімді келіншек те Сирияға күйеуінің соңынан аттанғанын, күйеуі тұтқынға алынып, артына екінші рет тұрмыс құрғанын, үйлеріне ракета түсіп, қиранды астында қалғандарын, жанында жатқан күйеуі ең алдында мерт болғанын, балаларымен тентіретіп жүріп қайыр сұрағанын күрсіне еске алады.

— Аштық көрдік, әділетсіздік көп болды.

Соңғы бірнеше жыл мұғдарында Қазақстан Сирия жанжалын шешу, онда бейбітшілік орнату процесіне атсалысып, бітімгерлік бастамалар көтергені, осы мәселесеге орай «Астана процесі» деп аталған келіссөздердің 11 раунды өткені белгілі. Бұл келіссөздерді Сирияның көп аймағында соғысушы тараптардың қантөгісті тоқтатып, бейбітшілік орнатуға ықпалы тигені және рас. Бұл Қазақстан Республикасының БҰҰ-ның Қауіпсіздік кеңесіне төрағалығының жемісті нәтижесі десек артық айтқандық емес. 29 маусымда елімізде өткен БҰҰ-ға мүше мемлекеттердің көшпелі отырысына қатысушылар «Жусан» операциясына қызығушылық танытып, зор баға берді. БҰҰ Бас хатшысының орынбасары, БҰҰ Терроризмге қарсы басқармасының басшысы Владимир Воронков Қазақстанға терроризмге қарсы күрестегі бастамалары үшін алғысын білдірді.

Ал АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Майк Помпео Қазақстанның Сыртқы істер министрлігін Сириядағы отандастарын елге қайтару елге оларды қоғамға бейімдеу тәжірибесімен бөлісуге шақырды. Егемендіктің алғашқы жылдарынан-ақ көп векторлы саясат ұстанып, жаһандық қауіпсіздік пен бейбітшілік идеяларына жақтасқан Қазақстанның халықаралық саясаттағы беделі осы гуманитарлық операциядан соң тағы жоғарлап, осыған дейін көтерген бітімгерлік бастамаларының салмағы арта түскені анық. Мемлекеттің өз азаматтары алдындағы міндетін адал атқаруы мен қиын жағдайға душар болған азаматтарға көмек қолын созуы бұл үлгісі әлемнің көп еліне таңсық болғанымен, ертеден-ақ «Жесірін жылатпаған, жетімін қаңғытпаған» қазақы танымымда, біреу әлі байыбына бара алмай жатқаны және шындық.

Дархан МҰХАН

100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ

ОТАНДЫҚ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНЕ БАТЫС МЕКТЕБІНІҢ БАР ЖАҚСЫСЫН ЕНГІЗУ ҚАЖЕТ

Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Назарбаевтың бастамасымен қолға алынған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы тармақтарының бірі – «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы. Биыл осы жобаның 2-кезеңі аяқталып, 30 оқулық көпшілікке таныстырылды. Солардың қатарында батыс мектебінің ең үздік оқулықтарының бірі, халықаралық британдық заңгер Малколм Шоның «Халықаралық құқық» (International Law, Malcolm N.Shaw) еңбегінің сегізінші басылымы аударылды.

М.Шоның көлемі 1 033 беттік 2 томдық оқулығы жақында отандық университеттердің игілігіне айналмақ. Бұл туындыны кеңестік және қазіргі отандық халықаралық құқық бағытындағы оқулықтармен салыстырсақ, онда бірнеше ерекшелігін атап өтуге болады.

Біріншіден, М.Шоның оқулығында халықаралық, британдық, америкалық және өзге де соттардың халықаралық жария құқықтың даулы мәселелері бойынша шешімдері кенінен және терең талданған. Басқаша айтқанда, бұл — халықаралық құқық теориясымен, талдауымен байланысты өзіндік практикалық кейстер жинағы. Біздің халықаралық құқық оқулықтарында мұндай жоқ. Бұл — прецеденттер. Бәрімізге белгілі, біз Англия мен Уэльс прецеденттерінің көмегімен Нұр-Сұлтан қаласындағы Халықаралық қаржы орталығын жедел дамытуды қалаймыз. Егер біз осы және басқа да осыған ұқсас британдық оқулықтардың көмегімен студенттерді оқыта бастасак, онда дйттеген бағытта айтарлықтай алға жылжымыз.

Екіншіден, Ұлыбританияда, АҚШ-та халықаралық құқықты оқыту процесінде халықаралық-құқықтық практикаға басымдық берілді (шамамен 60-70%-ға дейін). Ал теорияның үлесі — 30-40%. Бізде теорияға бөлінетін уақыт көп, практикаға өте аз. Осы арақатынасты терең зерттеп, қайта қарау қажет.

Үшіншіден, М.Шоның оқулығында халықаралық құқық бойынша біздің оқулықтарымызда жарияланбаған



тақырыптар бар. Оларды атап айтсақ: — халықаралық құқық тарихын позитивистік және табиғи құқық тұрғысынан жариялау; — мемлекеттердің кондоминиумы; — адам құқықтары жөніндегі әртүрлі еуропалық конвенцияларды талдау; — адам құқықтары жөніндегі Еуропа сотының мәртебесі мен қызметін терең талдау; — әлем елдері бойынша іс жүзінде барлық халықаралық қылмыстық соттардың құзыметі; — халықаралық жария құқық аясындағы эстопель мен сервитуттар; — халықаралық құқықтағы юрисдикция қағидалары. Мен АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Германия, Канаданың халықаралық жеке құқық, сондай-ақ халықаралық құқық саласы — халықаралық валюта-қаржы құқығы, халықаралық экономикалық құқық (ДСҰ құқығы) бойын-

ша батыс авторларының жекелеген оқулықтарын қазақ және орыс тілдеріне аудару қажет деп санаймын. Батыс методологиясы мен отандық ерекшеліктерінің негізінде халықаралық құқық курсына қайта өңдел, мүмкіндігінше батыс мектебінің бар жақсысын енгізу талпынуымыз қажет.

Осыған байланысты силабуларда, оқу-әдістемелік кешен шеңберінде оқу, жұмыс бағдарламаларында халықаралық құқық курсының қосымша тақырыптары мен қосымшаларын пысықтаған жөн болар еді. Сонымен бірге халықаралық жария құқық бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпы білім беру стандартын пысықтаудың, талқылаудың және қабылдаудың мәні бар. Интерактивтік дискуссия және ми шабуылының тәсілдері арқылы кейстерді шешу, сот шешімдері негізінде халықаралық құқық курсына зерделеуді кеңейту және тереңдету керек. Мемлекеттік және орыс тілдеріне аудару және

халықаралық құқық бойынша барлық сот шешімдерінің мәтіндерін жариялау қажет. Біздің студенттеріміз «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қорының үйлестіруімен дайындалған қазақ және орыс тілдеріндегі видеолекциялар курсынан өтуі керек деп санаймын. Ол курстардың барлығы интернет арқылы еркін қолданысқа берілген.

Малколм Шо оқулығының, басқа да Батыс авторларының негізінде халықаралық құқық бойынша курстың оқу бағдарламасын, халықаралық және дипломдық жұмыстардың тақырыбын, эсселерді, әдістемелік нұсқауларды, практикалық сабақтардың, тренингтердің жоспарларын, халықаралық құқық бойынша дарынды студенттерге арналған жеке оқу жоспарларын пысықтаған жөн болар еді. Халықаралық құқық практикаға бағытталған оқу траекториясының шеңберінде болуы тиіс. Сыртқы істер министрлігі және өзге де министрліктер мен ведомстволардың мамандандырылған басқармалары, сыртқы байланыс бөлімдері, ірі мемлекеттік және жеке компаниялар, университеттер студенттердің өндірістік практикадан, тағылымдамадан өтуін тұрақты негізде қамтамасыз етуі шарт. Бұл қазақстандық заң нормалары негізінде осы мемлекеттердің міндеті болуы тиіс.

«Халықаралық құқық» деп аталатын оқу пәні халықаралық қатынастар, саясаттану, әлеуметтану, халықаралық журналистика, халықаралық экономикалық қатынастар сияқты барлық халықаралық мамандықтардың оқыту процесінде элективті емес, міндетті пән ретінде оқытылуы керек. Себебі Малколм Шоның «Халықаралық құқық» оқулығына ұқсас оқулықтар жоғары сұранысқа ие деп ойлаймын.

Бүгінгі студенттер — өртенгі қазақстандық судьялардың халықаралық сипаттағы проблемалық мәселелер мен өзге де даулар бойынша шешімдерді дұрыс қабылдауы, халықаралық аренада елдің ішкі және сыртқы мүдделерін сенімді қорғауы бізге байланысты. Бүкіл әлем қазақстандық сот жүйесінің тиімді тұстарына жиі дәйексөз келтірсе, Қазақстан имиджін көтерудің бірден-бір жолы сол болмақ.

Марат ПӨРСЕМБАЕВ, заң ғылымдарының докторы, профессор, «Халықаралық құқық» оқулығының ғылыми редакторы «Egemen Qazaqstan»

ӨНІРЛЕРДІ ДАМУ

ҚАЛАНЫ ДАМУ ТУРАНЫ ҚАРАШТЫ ҚАДАМДАРЫ

Кешенді жоспар нақтыланды

Жезқазған, Сәтбаев қалаларын және Ұлытау ауданын әлеуметтік-экономикалық дамыту жөніндегі 2012-2020 жылдарға арналған Кешенді жоспардың өмірге келіп, ауқымды жобалардың қолға алынғанына 7 жылдың жүзі болды. Кешенді жоспар аясындағы аса зор игіліктің бірі еліміздің Шығысы мен Батысын жалғастыратын Жезқазған-Бейнеу теміржолының құрылысы болғанын жұртшылық жақсы біледі. Өңірді дамытуға қатысты басқа да жобалар осы бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Жақында Үкімет алдағы өзекті міндеттерді айқындай отырып, Кешенді жоспардың мерзімін тағы екі жылға ұзартты. Енді Жезқазған, Сәтбаев және Ұлытау ауданын дамытудың нақтыланған Кешенді жоспары 2019-2022 жылдарға қамтитын болды. Үкімет 11 бөлімнен тұратын атқарылатын 52 іс-шараға 79,7 млрд теңге қарастырып отыр. Оның ішінде республикалық және жергілікті бюджеттен қатар, бюджеттен тыс қаржы көздерін тарту да көзделген. Нақтыланған Кешенді жоспарға байланысты Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Аманғали МҰХАМБЕДИНГЕ жолығып, осы келелі өзгеріс, кемел жобалар туралы айтып беруін сұраған едік.

Үстіміздегі жылдың 13 маусымында Үкіметтің қаулысымен бекітілген нақтыланған Кешенді жоспар мерзімі 2022 жылға дейін ұзартылуымен қатар, үш жаңа бөліммен толықты. Олар — «Кәсіпкерлікті дамыту», «Агрөнеркәсіптік кешен» және «Құқықтық тәртіпті, қоғамдық қауіпсіздікті нығайту жөніндегі шаралар» деп аталатын бөлімдер. Мен Жезқазған қаласына қатысты шараларға ғана тоқталайын. Әлеуметтік-экономикалық дамудың 2019-2022 жылдарға

рысында осы бөлім бойынша екі жоба қосылды. Оның бірі жалпы құны 1,2 млрд теңге тұратын Жезқазғандағы «КазХимСинтез» ЖШС өнеркәсіптік реагент шығаратын химиялық зауытының құрылысы. Жүзеге асыру мерзімі — 2019-2020 жылдар. Қазірде жұмыстың 80%-ы атқарылды. Жобалық қуаты жылына 12 мың тонна өнеркәсіптік реагент шығаратын зауытта 150 жұмыс орны ашылады. «Кәсіпкерлікті дамыту» бөлімі құны 1,4 млрд теңге болатын 3 жобаны қамти-

Су ресурстары жөніндегі комитетімен және «КазСуШар» республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен бірлесіп жұмыс жүргізуде. Жобаны аяқтау үшін жобалық-сметалық құжатқа (будан әрі ЖСҚ) өзгерістер енгізілуде. Сондай-ақ, осы тараудың 22-тармақшасында Үйтас-Айдос су құбырына Қоғамсөйіт жерасты су көзіне дейін кеңейту мақсатымен қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу көзделген. «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС қазірде жобалау-сметалық құжаттарын жасау үстінде. Қаланы сумен жабдықтау үшін Қоғамсөйіт су жинағышының құрылысын салу қаржы көлемінің жетімсіздігіне байланысты жоспардан алынып тасталды. Үйтас-Айдос су құбырының 13 шақырымдық қысымдық бөлігіне қайта жаңғырту жүргізу 2016 жылы орындалған. Сондай-ақ, Талап ауылына дейінгі 15,2 шақырымдық магистральдық құбырды жаңарту жобасы да 2018 жылы жүзеге асырылған болатын. Келесі бір ауқымды жоба қала ішіндегі су құбыры желілерін қайта жаңғырту болып табылады. Бұл 3 кезектен тұрады. Бірінші кезегіне республикалық бюджеттен 317,3 млн теңге бөлінді. Жобаның жалпы құны 3 702 млн теңге. Конкурста «Мелиоратор» ЖШС жеңімпаз болды. Жалпы құны 2 477,9 млн теңге болатын 2-ші кезегі 2017 жылдан жалғасуда. Биылға қаралған



раптамдан өткізуге тапсырылды. Жобаның құны 802,5 млн теңге, облыстық бюджеттен бөлінеді. Бұл жобаның жүзеге асыру мерзімі 2021 жыл. Коммуналдық шаруашылық пен абаттандыруды дамытуға байланысты қаланың саябағы мен аумағы 7 гектар болатын бақжолды жаңғырту жобасының жалпы құны 301,9 млн теңге. Қала бюджетінен қосымша 23,8 млн теңге бөлінді. 2017 жылы басталған жоба биылғы жылы толық жүзеге асырылады.

Жоспардың «Тұрғын үй» бөлімінде жалпы құны 389,1 млн теңге болатын 2 шара белгіленген. Жүзеге асыру мерзімі 2019-2020 жылдар. «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында Алашахан 34Д мекенжайында жалдамалы тұрғын үй салынууда. Оған республикалық бюджеттен 399,9 млн теңге қаржы қаралған. Биылғы жылға 141,1 млн теңгесі бөлініп, «Құрылыс» ЖК қолға алуымен жұмыс басталды. Шевченко көшесі 23А мекенжайы бойынша жобалық құны 228,5 млн теңге тұратын несиелік тұрғын үй құрылысы басталды. Жеңімпаз мердігер «Самға» ЖШС жұмысты кестеге сай жүргізуде. Алашахан 34Ж мекенжайында көп қабатты жалдамалы тұрғын үй салынбақшы. Қазірде ЖСҚ әзірленуде. Сонымен қатар, үстіміздегі жылы Аманжолов, 34, Абай 81а және Омаров 16 мекенжайларындағы көп қабатты тұрғын үйлерге күрделі жөндеу жасау жоспарланған. 2020 жылы жүзеге асырылатын бұл жобаның құны 39 млн теңге.

Көлік инфрақұрылымын жетілдіру бойынша да біршама шаралар қарастырылған. Қызылорда-Павлодар-Успенка автожолының Қызылорда-Жезқазған учаскесінің 98 шақырымын (216-314 км) қайта жаңғырту жобасы экономикалық тұрғыдан тиімділік жайын, сондай-ақ, бағыт қатынасын ескере келе алынып тасталды. Жезқазған-Есіп-Петропавл автожолының 137-252 аралығындағы 115 шақырым да осы жағдайда. Осы екі жолдың қайта жаңғыртылуы «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы бойынша 2022 жылы басталмақшы. Кешенді жоспардың «Көлік инфрақұрылымы» бөлімінде жалпы құны 2 млрд теңге болатын Жезқазғанда 3 шара белгіленген. Оның қаржысы облыстық бюджеттен бөлінетін болады. Біреуі қаладағы №4 жол айрықты қайта жаңғырту. Құны 699,9 млн теңге болатын жобаның жүзеге асыру мерзімі 2019 жыл. Мемлекеттік сараптамадан өтті. Мердігері — «Асыл жас» ЖШС. Тапсырыс берілгеннен, өлі қаржы бөлінген жоқ. Келесі жоба — №1 жол айрықты қайта жаңғырту. 2020 жылы жүзеге асырылмақшы бұл жобаның құны 839,9 млн теңге. ЖСҚ әзірленіп мемлекеттік сараптамаға тапсырылды. Үшінші шара қаланың №2 жол айрығын қайта жаңғырту жобасы. Жалпы құны 583,2 млн теңге болатын жоба 2020 жылы жүзеге асырылады. Қазірде ЖСҚ-сы жасалып, мемлекеттік сараптамаға тапсырылды.

Кешенді жоспардағы «Әлеуметтік инфрақұрылым» бөлімінде қарастырылған жобалардың көпшілігі бұған дейін жүзеге асыруна байланысты нақтылау кезінде шығарылып тасталды. Мәселен, «Денсаулық» тараушысындағы 500 адамдық емхана құрылысы, жедел жәрдем стансасы ғимаратына, мамандандырылған емдеу-профилактикалық кәсіпорнына күрделі жөндеу жүргізу 2016 жылы орындалған болатын. Сондай-ақ, қаланың орталық ауруханасын медициналық жабдықтаумен жабдықтау, «Қарлығаш» шипажайының технологиялық жабдықтау, тері-венерологиялық диспансері ғимаратын күрделі жөндеуден өткізу сияқты жобалар да 2014-2016 жылдары жүзеге асырылған-тың. «Мәдениет» тараушысындағы Халықтар достығы мен мәдениеті үйін күрделі жөндеу

де 2017 жылы іске асқан еді. Нақтыланған жоспарда әлеуметтік сала бойынша жалпы құны 3,4 млрд теңге 7 жоба қарастырылған. Оның ішінде білім бөлуінде Кеңгір ауылында 140 орындық балабақша құрылысы бар. Сметалық құны 484,1 млн теңге. Мемлекеттік жекеменшік әріптестік шеңберінде атқарылатын бұл жоба 2019 жылы жүзеге асырылады. Жезқазғандағы жалпы орта білім беретін 900 оқушыға арналған мектеп құрылысы. Жалпы құны 1 805,9 млн теңге болатын жобаға үстіміздегі жылы республикалық бюджеттен 1 246,2 млн теңге бөлініп, «Аспап» ӨК-мен келісім шарт жасалды. Құрылыс кестеге сай жүргізілуде. Жоба 2020 жылы толық орындалады. Әлеуметтік саланың «Денсаулық» тараушысы бойынша аурухана қалашығын қалпына келтіру жобасы бар. 2018 жылы басталған бұл шара үстіміздегі жылдың желтоқсан айында аяқталды деп жоспарланған. Облыстық бюджеттен 270 млн теңге бөлініп, «СПИД-пен күрес және профилактикалық орталығы» ғимаратына күрделі жөндеу жасалды. Консултативтік-диагностикалық емхананы күрделі жөндеу жұмысының 90% атқарылды. Облыстық наркологиялық диспансер бөлімшесіне күрделі жөндеу жасауға 120,5 млн теңге қаржы бөлу жоспарланған. Аурухана қалашығының аумағына абаттандыру жүргізілуде. Әлеуметтік бағыттық спорт саласы да қамтылған. Қалада бассейні бар денешынықтыру-сауықтыру кешені салынады. Құрылыстың жобалық құны 1 934,3 млн теңге. Конкурс бойынша «Астана Көктем С» ЖШС мердігер болып, келісім шарт жасалды. Сондай-ақ, спорттық ескек есу түріне арналған спорт кешенінің құрылысы жоспарланған. Құны жобамен 700 млн теңге шамасында. ЖСҚ әзірленіп, мемлекеттік сараптамаға өткізілді. Мәдениет бөлімінде жоспарланған қаладағы мәдени ойын-сауық орталығы 2018 жылдың желтоқсанында іске қосылды. Енді бұл салада Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің ғимаратына қосалқы құрылыс салу көзделген. ЖСҚ өткен жылы әзірленіп мемлекеттік сараптамадан ойдағыдай өтті. Сметалық құны 160,9 млн теңге. Қаржыландыру 2020 жылға жоспарланған.

Нақтыланған Кешенді жоспардың «Экология және табиғатты пайдалану» бөлімінде жалпы құны 390 млн теңге болатын 2 шара да назар аударарлықтай. Оның бірі Жезқазған, Сәтбаев қалаларындағы тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару жүйесін жаңарту мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде 2019-2020 жылдары жүзеге асырылмақшы. Келесі жоба Кеңгір су қоймасын жағалауындағы 104 гектар жерге жасыл желек отырғызу. «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС өз қаражаты есебінен су қоймасы аумағына көктемде 6 мың ағаш отырғызды. Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою шараларына байланысты 2 шараның да жүзеге асыру мерзімі ұзартылды. Қалада құтқару стансасының құрылысы және 4 автомобильге арналған өрт сөндіру депосы 2020-2021 жылдары салынып, жүзеге асырылатын болады. Міне, Жезқазған қаласы бойынша осындай жобалар ел игілігіне айналады.

Кезінде мысты өңірдің тіршілігін жандандыру үшін Елбасының тікелей қамқорлығы арқасында өмірге келген әлеуметтік-экономикалық даму жоспары арқасында қаламызда көптеген игі істердің жүзеге асқанын көріп отырмыз. Алдағы атқарылу іс те аса ауқымды. Кемел келешекке бастаған Кешенді жоспар арқылы қаламыздың жарқын істері жалғаса берсін.

Жазып алған Амандық РАХҰЛЫ



арналған нақтыланған Кешенді жоспардың 9 бөлімінде Жезқазған қаласы бойынша 32 шара қарастырылып, 51,5 млрд теңге бөлу көзделген. Оның 35,8 млрд теңгесі республикалық бюджет, 10,5 млрд теңгесі жергілікті бюджет енішінде болса, 5,2 млрд теңге бюджеттен тыс қаржыдан қарастырылып отыр. Биылғы жылды қосқанда Кешенді жоспар аясындағы ауқымды жобалар 4 жыл бойы атқарылады. Үстіміздегі жылы жалпы құны 6,4 млрд теңге болатын 30 іс-шараны жүзеге асыру белгіленген. Бұл шаралардың барлығы қазір орындалу үстінде. Оның ішіндегі 16 жобаны жүзеге асыру келесі жылға жалғасып, 2020-да тиянақталатын болады.

Оның бірі Кеңгір кентіндегі гипермаркет болса, екіншісі — Жезқазған қаласындағы гипермаркет. Үшіншісі «Бизнестің жол картасы-2020» және «Еңбек» 2017-2021 жылдары өнімді жұмыспен қамту және жалпай кәсіпкерлікті дамыту мемлекеттік бағдарламалары бойынша қаланың шағын және орта кәсіпкерлік нысандарына қаржылай қолдау көрсетіледі.

«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық» бөлімінің «Жылумен жабдықтау» тарауында Сәтбаев қаласын қоса қамтитын Жезқазғанда ЖЭО-2 салуды ұйымдастыру тараушысы болған-тың. Бұл жоба пайдасыз деп табылып, алынып тасталды. Екінші пункт бойынша Жезқазған ЖЭО-ын қайта жаңғырту және жаңарту жөніндегі техникалық кешенді шаралар 2018 жылы орындалды. №8 турбинаны іске қосу жүзеге асырылды. Нақтыланған жоспардың «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық» бөлімінде жалпы құны 41,8 млрд теңге тұратын 9 жоба қарастырылған. Ондағы қаланың жылу желілерін қайта жаңғырту жобасы 2018 жылдан бері жалғасуда. Жоба «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша жүзеге асырылуда. Сметалық құжат бойынша 5,8 шақырымдық желінің бірінші кезегін жаңарту жобасының құны 3,1 млрд теңге. Конкурс өткізіліп, жеңімпаз болған «Астана-Инжкомстрой» ЖШС-мен келісім шарт жасалды. Жобаның екінші кезегінің құны 4 741,5 млн теңге. Конкурстық рәсімдері өткізілуде.

Өңір тұрғындары үшін аса маңызды сумен жабдықтау бойынша да нақтыланған жоспарда ауқымды шаралар қамтылып отыр. Мәселен, «Сумен жабдықтау және суды бұру» тарауында Жезқазған қаласын сумен жабдықтау есебімен Есқула құбырының құрылысы 2019 жылы аяқтау көзделген. Бүгінде УВС-1 кезінен басталған су жеткізу құбырының Сәтбаев қаласындағы насос стансасына дейінгі құрылысы аяқталған. «СЖСЖ» ЖШС Ауыл шаруашылығы министрлігінің

қаржының 60 млн теңгесі игерілді. Жұмыс кестеге сай жүргізілуде. Жалпы құны 1 979,5 млн теңге 3-ші кезегі де 2017 жылы қолға алынған. Биылғы жылға республикалық бюджеттен 251 млн теңге бөлінген бұл жоба да ойдағыдай жүргізілу үстінде. «Жезқазған қаласының шаруашылық-ауысу тазарту құрылғыларын қайта жаңғырту» жобасы бойынша екі кезекте жұмыс атқарылмақ. Қазір 2-ші кезегі бойынша ЖСҚ дайын. Жобаның 3-ші кезегінің жалпы құны 4 425,8 млн теңге. Жақында Қаржы министрлігінің Ішкі аудит комитеті мақұлдады. 2019 жылға 500 млн теңге бөлініп, конкурс жарияланды.

Өңір экономикасы үшін Жезді су қоймасына қайта жаңғырту жүргізудің айтарлықтай орны бар. Өзекті міндеттер нақтыланған Кешенді жоспарға «Талап суару жүйесінің 15,8 шақырымдық, алаңы 3,6 гектар магистральдық каналымен бірге Жезді су қоймасына қайта жаңғырту жүргізу» жобасы енгізілген. Жобаның жалпы құны 1,2 млрд теңге. «КазСуШар» РМК Қарағанды филиалы техникалық-экономикалық негіздемесін жасады. Қала ішінде де 3,025 шақырым желі тарту қарастырылған. Үстіміздегі жылы ЖСҚ жасалуға тиіс. Жобаны жүзеге асыру 2020 жылы басталады.

Коммуналдық шаруашылықты жетілдірудегі шешімін күткен істердің бірі көлік жүйелерін жаңғырту еді. Кешенді жоспардағы «Қаланың көріздік тазарту құрылымын қайта жаңғырту және жаңарту» жобасына 2019 жылға 62,2 млн теңге бөлініп, ЖСҚ жасалуда. Ол биылғы желтоқсан айында сараптамадан өткізіледі. Жалпы көріздік тазарту құрылғыларын қайта жаңартуға 10 млрд теңге қаржы жобаланған. Оның 9,1 млрд теңгесі республикалық, 921,7 млн теңгесі облыстық бюджеттен жоспарланған. Орындалу мерзімі 2019-2022 жылдарға белгіленген. Қаланың су бұратын жүйелерін қайта жаңғырту бойынша «Геодезия ПВ» ЖШС ЖСҚ әзірлеп, са-

ҮШТІЛДІЛІК – КЕМЕЛДІЛІК БАСТАУЫ

«АҒЫЛШЫНША БЛГЕНІМІЗДЕ ҒОЙ...»

«Үштілділік дегенді кім шығарды? Көрегі не осының?» дейтін пікірдің қоғамда басым екені рас. Мұндай пікірдің қалыптасуына «шаш ал десе, бас алуға дайын тұратын» опербақандыққа салынушылық пен үштілділікті оқыту методикасының дұрыс еместігі негіз болып отырған тәрізді. Әйтпесе...

Әйтпесе, әлемнің 70-тен аса тілін меңгерген ұлы бабасы Әбу Насыр әл-Фарабидің табаны тиген топырақта есіп-өніп жатқан оның бүгінгі ұрпағына үш тіл меңгеру деген сөз болып па? Бәрі баланың жас ерекшелігін ескермеген 1-сыныптан бастап, тілді, балабақшада жүрген кезінен-ақ үш тілді үйретудің кері әсері болатындығын ескермегендіктен туындады. Бізге ең алдымен қай тілді білген дұрыс? Әрине, ана тілімізді, яғни, қазақ тілін білу керек. Қазақ баласы қазақша білмейтін ешбір ұятқа саналмаған заманды да бастан өткерген халықпыз. Кешегі кеңестік заманда қазақша бірдеңе десең, «Я не понимаю» дейтін таллай қандастарымызды көрдік. Бірақ, «Өзің қазақ бола тұра неге қазақша білмейсің?» деп олардың жағасына жармаса кеткеніміз жоқ. Өйткені, қазақша оқытатын мүмкіндік болмаса, олар қайдан үйренсін? Қазақтың көптеген ұл-қыздары айналаның бәрі орысша сөйлейтін, сол тіл ғана дүркіреп тұрған кезеңнің құрбанына айналды ғой. Балабақша — орысша, мектеп — орысша, жоғары оқу орындары — орысша. Қалалы жерлердегі, сосын еліміздің солтүстік, шығыс, батыс өңірлеріндегі қазақты «поти орыс» санайтынымыз өткірі емес еді. Бірақ, бұған киінілі деуге болмайтын, олар заман салған салмақты көтере білді.

Әрине, «уақыт осылай, енді қайтей-ік?» деп жүре бермей есейе келе өз беттерімен қазақ тілін үйреніп алған да көптеген азаматтар болды. Мысалы, атақты жазушы Мұхтар Әуезовтің ұлы, қазіргі таңдағы ірі қоғам қайраткерлерінің бірі Мұрат Әуезов ана тілін Мәскеуде оқып жүрген кезінде үйреніп алғанын айтады. Мұндай мысалдар көп. 80-жылдардың орта тұсында Көкшетау облыстық газетінде қызмет істеп жүргенде бір қазақ әйелі редакцияға өскерде жүрген баласының жазған хатын алып келген еді. Хат орысша жазылған екен. Әлгі бауырымыз «Өзің бір ауыз қазақша білмейсің, сен қандай қазақсың?» деп өлгі жауынгерді басқа ұлт өкілдері әбден келемеждейтін көрінеді. Ол өке-шешесінен «Қайда оқытсаңыздар да інімді қазақша оқытыңдаршы, ертең мен сияқты масқара болып жүрмесін және осы хатты газетке жариялаңыздар, қазақша білмейтін балаларын қазақша оқытқысы келмейтін ата-аналар оқысын» деп жазыпты. Сосын «Қазір оңтүстіктен келген қазақ балалардан қазақша үйреніп жүрмін» депті. Сол хат газетке жарияланды, Көкшетаудың көп қазағына ой салды. Ең алдымен ана тілін білу міндет екендігін ешқашан естен шығаруға болмайды. Қазақ тілі — әрбір қазақ баласының басқа ұлт өкілдеріне көрсететін па-



спорты. Құжатыңды көрсетіп емес, тіліңнің майын тамызып сөйлеп, сол тілде өн салсаң, өзге жұртқа өзіңнің қазақ екеніңді солай дәлелдейсің. Екіншіден, орыс тілін білген дұрыс. Мұны өткенде ел Президенті Қ-

сым-Жомарт Кемелұлы да айтты. Сол-ақ екен, мәселенің байыбына бармастан шу ете қалуға әуестеу көпшілік «Өзі қазақша білмейтін болғасын солай айтып отыр», «Орысша білмесе де ешкім аштан өлмейді, қазақша, сосын ағылшынша білсе жетіп жатыр» деп әжептәуір өңгіме етті. Біріншіден, Қасым-Жомарт Кемелұлы қазақшаны қалай сөйлейтінін Ұлықтау рәсімінде көрсетті емес пе? Шынында да, күнделікті өмірде, өзірге бізге ағылшыннан гөрі орысша білгеніміз әлдеқайда керек. Негізгі өйткені, мойындағанымыз келісім-келіспесін орыс тілі елімізді мекендейтін барша ұлттар мен ұлыстар өкілдерінің ортақ тіліне айналып тұр. Орыс тілін айналып өту мүмкін емес. Түптің түбінде қазақ тілінің үстемдігіне қол жеткізетініміз анық, бұған еш күмән жоқ. Қазіргі кезде, бейнелеп айтқанда, қазақша білетін басқа ұлт өкілдері ана тілін білмейтін қазақтан көп. Бірақ, күнделікті қарым-қатынаста қазақша сөйлеу, сөйлеусі өзірге «сөнге» айналмай тұр. Дегенмен, қоғамда қазақ тіліне деген бұрынғыдай қарсылық жоқ, негізінен түсінушілік басым. Яғни, мемлекеттік тілдің өз мәртебесіне лайықты биіктен көрінетіндігіне көп уақыт қалған жоқ. Өзірге орыс тілі үстемдігін жоя қоймаса, бұдан соншалықты трагедия жасап та көрегі жоқ. Ең бастысы қазақ тіліне қысым бар ма? Жоқ! Ал орыс тілін білудің керектігі тек өз елімізде ғана емес, бұрынығы Кеңес одағы елдерінің қамсысына жолынып тұса қалса да, орыс тілі арқылы жөн сұрасып, нан сұрап жейтініміз анық. Президентіміздің алдымен ана тілін

яғни, қазақшаны, сосын орысшаны оқытайық дегенде, халқымыз көршілес елдерге бара қалғанда орысша білмегендіктен ыңғайсыз жағдайларға тап болып қалмасын деп отырғаны анық. Сосын өрине, ағылшын тілін білу де керек. Өйткені, әлемнің басым бөлігі сол тілде сөйлейді. Жуырда біздің қаламызға, соның ішінде біздің кеңемізге Оңтүстік Кореяның бір топ туристі келді. Олар қазақша, не орысша білмейді екен. Орысшадан білетіні біздің ағылшынша білетініміздей деңгейде. Іздегенде аудармашы да табылмай қалды. Бірақ, мыдасып, сөз-лөп орысшала-ласып түсініп жатырмыз. Кабинеттің төріндегі Абайдың суретін көріп кім екенін сұрағанын байқасақ та, соны айтып беруге тіл жоқ, мүсәпір болдық та қалдық. Мұндай қысылмасын «Абай — ақын» десең де, «позт» десең де түсінетін түрлері көрінбейді. Сетін салғанда, сөреде тұрған ұлы Абайдың 150 жылдығы қарсаңында, осыдан ширек ғасыр бұрын жарық көрген «Абай елі» деген үш тілде шыққан фотоальбомға көзім түсіп кетті. Сондай қуанып кеттім. Қонақтарға альбомды көрсетіп, ағылшынша жазуын оқытып, Абай туралы аз-кем түсінік бердік. Ағылшынша білгенде орысшалықты қиналатын ба едік?! Сондықтан, үш тіл білгенін ешқандай да артығы жоқ. Тек тіпті үйренуде асығыстыққа, науқаншылыққа салынуға болмайды.

Абдолла ДАСТАНОВ, «Шындық» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Сәтбаев қаласы

«7-20-25»

ӘРБІР ОТБАСЫНА БАСПАНА АЛУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІН БЕРУ» ИПОТЕКАЛЫҚ ТҰРҒЫН ҮЙ КРЕДИТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ БАРЫСЫ ТУРАЛЫ



Қазақстан Республикасы Президентінің «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа үндеуінде айтылған «Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру» бірінші бастамасының міндеттерін іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы 2018 жылғы 31 мамырдағы № 107 қаулысымен «7-20-25. Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру» ипотекалық тұрғын үй кредиттеу бағдарламасын (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітті.

Бағдарламаға еңбек немесе кәсіпкерлік қызметтен табысы бар, бағдарлама бойынша ипотекалық тұрғын үй қарыздары және өзге де ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша өтелмеген берешегі жоқ, сондай-ақ меншік құқығында тұрғын үйі жоқ Қазақстан Республикасының кез келген азаматы қатыса алады. Бағдарламада Қазақстан Республикасының кез келген өңірінде бастапқы нарықта тұрғын үй сатып алу үшін мынадай құн шегінде ипотекалық тұрғын үй қарызын алу мүмкіндігі қаралады:

25 млн теңге – Астана, Алматы және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған шекаралары шеңберінде олардың қала маңы аймақтары, Ақтау, Атырау, Шымкент қалаларында; 15 млн теңге – басқа өңірлерде. Бағдарламаның операторы «Баспана» ипотекалық ұйымы» АҚ болып табылады.

Бағдарламаның негізгі талаптары: Нысаналы мақсаты – бастапқы тұрғын үй сатып алу; Бастапқы жарна – сатып алынатын тұрғын жылжымайтын мүлік болып табылатын көпкілем қамтамасыз ету құнының 20%-ы; Қарыздың ең көп сомасы – кепілмен қамтамасыз ету құнының 80%-ы; Ипотекалық тұрғын үй қарызының валютасы – теңге; Сыйлақның жылдық номиналдық мөлшерлемесі – 7%; Ипотекалық тұрғын үй қарызының мерзімі – 25 жылға дейін. Бағдарламаның талаптарына сәйкес банктің қарыздар беру және қызмет көрсету үшін қарыз алушылардан комиссия алуға құқығы жоқ.

Қарыз алушыларға қойылатын талаптар қоса қарыз алушыларға қолданылмайды, оларға қойылатын талаптарды банк өз бетінше белгілейді. Банк қарыз алушыларға, сондай-ақ, кепіл заты мен құнына қатысты Бағдарламаға қайшы келмейтін қосымша талаптарды белгілеуге құқылы. Қарыз алушы банкке берілетін құжаттар мен ақпараттың шынайылығы үшін жауапты болады.

Ағымдағы мезетте бағдарламаға қатысу үшін жеке тұлғалардан өтінімдерді екінші деңгейдегі 8 банк қабылдайды: «Банк Центр Кредит» АҚ, «АТФ Банк» АҚ, «Цеснабанк» АҚ, «Bank RBK» АҚ, «Еуразиялық Банк» АҚ, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, «Forte Bank» АҚ және «Ресей Сбербанк» АҚ.

Бағдарламаны іске асыру шеңберінде 2019 жылдың 4 шілдедегі жағдай бойынша Қарағанды облысының аталған банкінің филиалдары 4 352 244,56 мың теңге сомасында қарыз алуға 423 өтінім қабылдады. Оның ішінде 2 573 791,43 мың теңге сомаға қарыз беруге 246 өтінім мақұлданды. Іс жүзінде 1 946 264,47 мың теңге сомаға 184 қарыз берілді. Бағдарлама бойынша сұрақтар туындаған жағдайда азаматтар «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Қарағанды филиалына мына телефондар арқылы хабарласа алады: +7 (7212) 55-93-35, 55-93-30, сондай-ақ, «Баспана» ипотекалық ұйымына тәулігі бойы +7 (727) 227-20-25 нөмірі бойынша немесе +7 (727) 258-49-91 телефоны бойынша хабарласа алады.

Қосымша ақпаратпен «Баспана» ипотекалық ұйымының ресми интернет-ресурсынан мына сілтеме бойынша танысуға болады: www.baspana72025.kz.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Қарағанды филиалының баспасөз қызметі

ҮЕҰ-ҒА АРНАЛҒАН СЫЙЛЫҚАҚЫНЫ БЕРУ ҮШІН ӨТІНІМДЕР ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі 2019 жылғы 1 шілдеден бастап ҮЕҰ-ға арналған сыйлықақыны беру үшін өтінімдерді қабылдайды.



ҮЕҰ-ҒА

АРНАЛҒАН СЫЙЛЫҚАҚЫ

- 1) тарихи-мәдени мұраны қорғау;
- 2) қоғамдық келісімді және ұлттық бірлікті нығайту;
- 3) өздерінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету кезінде пробация қызметтеріне жәрдемдесу;
- 4) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қоғамдық мониторинг жүргізу;
- 5) азаматтық қоғамды дамытуға, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесу.

Байқауға Қазақстан Республикасында тіркелген және Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорына мәліметтер ұсынған үкіметтік емес ұйымдар қатыса алады.

Бір үкіметтік емес ұйым бір номинациядан артық сыйлықақыны алуға ұсыныла алмайды. Сыйлықақы алғаннан кейін үш жыл ішінде оны алу үшін қайта ұсынуға жол берілмейді.

Бір номинация бойынша сыйлықақы бір немесе бір мезгілде бірнеше үміткерге берілуі мүмкін. Бұл жағдайда сыйлықақы олардың арасында тең бөлінеді.

Сыйлықақыны алу үшін өтінімді ұсынуға арналған тізбе мыналарды қамтиды:

- 1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үкіметтік емес ұйымдарға арналған сыйлықақы беру конкурсына қатысуға өтініш;
- 2) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес сыйлықақыға үміткердің сауалнамасы;
- 3) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес сыйлықақыға үміткердің қызметі туралы сипаттама (растайтын материалдармен бірге);
- 4) соңғы 3 (үш) жыл ішінде ұсынылған бағыт бойынша іске асырылған жобаларды және бірлескен жұмыс барысында қол жеткізілген нәтижелерді растау мақсатында байланыс деректері көрсетілген қоғамдастық (үкіметтік емес ұйымдар) және (немесе) мемлекеттік органдар өкілдерінің ұсынымдары (екіден кем емес);
- 5) үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құрылтай құжаттарының және куәлігінің (анықтаманың) көшірмелері;
- 6) банк шотының болуы туралы анықтама (түпнұсқа).

Сыйлықақыны алу үшін үкіметтік емес ұйымдарды ұсыну жөніндегі өтінімдер Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Азаматтық қоғам комитетіне қағаз және электронды жеткізіштерде (CD-дискілерде не USB-флеш-жинақтағыштарында DOC, DOCX, Pdf форматтарында) 2019 жылғы 1 шілдеден бастап 1 қыркүйек аралығында келесі мекенжай бойынша қабылданады: Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8, «Министрліктер үйі» ғимаратының 15-кіреберісі, Анықтама телефондары: +7 (7172) 74 09 97, 74 02 17, 74 13 41, 74 05 11

Қағидаға сілтеме <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017041>

БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ – 2020

«ІСКЕРЛІК БАЙЛАНЫСТАР»

жобасы бойынша 60-тан астам қарағандылық кәсіпкерлер оқытылуда

Қарағандыда жоғары және орта буын басшыларына, шағын және орта бизнес өкілдеріне арналған «Іскерлік байланыстар» білім беру жобасының бірінші кезеңі басталды.

Үш апта бойы қатысушылар үшін бизнес-тренингтер ұйымдастырылады. Олар басқару, жоспарлау, тайм-менеджмент, келіс-сөздер технологиясы, сыртқы экономикалық байланыстар саласында құзыреттерді жақсарту саласында дағдылар мен білім алады. Халықаралық ынтымақтастық мәселелері туралы көбірек біле алады. Шетелдік және отандық тренерлердің басшылығымен кәсіп-орынды дамытудың бизнес-жоспарын әзірлеу үшін қажетті тиімді презентациялар дайындайды.

Жоба бойынша Қарағанды облысынан 60 астам кәсіпкерлер оқытылады. «Атамекен» ҰҚП арқасында бизнесті жүргізудің заманауи әдістері туралы біледі. Оқу тегін өткізіледі. «Іскерлік байланыстар» жобасы «Бизнестің

жол картасы 2020» кәсіпкерлікті қолдау және дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде іске асырылады.

Оқудан кейін қатысушылар курсты аяқтағаны туралы сертификат алады және Германияға барып қайту үшін бағдарламаның 2-кезеңіне конкурстық іріктеуге өтінім бере алады.

– Бұл біздің кәсіпкерлерімізге шетелдік машықтанудан өтуге, аналог бизнес жүргізудің бағалы тәжірибесін алуға мүмкіндік береді. Ұшақпен барып келу, шетелде тұру бойынша барлық шығындарды мемлекет өзіне алады, – деді Қарағанды облысының Кәсіпкерлер палатасының директоры Ернар Кульпешев.

Екінші кезең Германияда тегін төрт күндік тақырыптық бизнес-машықтануды қарастырады.



Қатысушылар аналог бейіндегі кәсіпорындарға бара алады және технологиялар трансферті және жабдықтарды сатып алу, франшиза мен лицензиялар алу, халықаралық жөнешетел ұйымдарының гранттарын алу, бірлескен кәсіпорындарды құру сияқты бағыттар бойынша шетел әріптестерімен іскерлік байланыс орната алады.

ӘЛЕУМЕТТІК-МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУДЕ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ АУЫЛДЫҚ ҮЕҰ ҚАТЫСУЫН ҚОЛДАУ

Қарағанды қаласында қаржылай көмек беру үшін жарияланған байқаудың жеңімпаздары жарияланды. Байқау әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуге қызығушылықтарын арттыруға бағытталған «Қарағанды облысындағы ауылдық ҮЕҰ әлеуетін арттыру» жобалар аясында «ЭКОЦЕНТР» ҚБ жүзеге асыруымен жүзеге асырылып отырған Жобаны басқаруды оқыту арқылы ауылдық ҮЕҰ тұрақтылығын қамтамасыз ету және азаматтардың біліктілігін арттыру Қазақстан Республикасының қоғамды дамыту министрлігінің қолдауымен КЕАҚ «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының» қаржыландыруымен жүзеге асырылуда.

«ЭКОЦЕНТР» ҚБ байқауды жергілікті деңгейде әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған әлеуметтік жобаларды қолдау мақсатында жариялаған.

Байқауға іс-әрекеттері жастар саясатына, гендерлік мәселелерге, экологиялық мәселелерді шешуге, мүмкіндігі шектелген жандарға көмекке бағытталған Қарағанды облысының ауылдық МҰҰ қатысты. Барлығы 15 өтінім түсті. Байқау комиссия Қарағанды облысынан жалпы сомасы 3 000 000 теңге тұратын ең мықты деген 6 жобаны қолдауды ұйғарды, бұл жобалар Қарқаралы ауданының 25 ауылдық округінде, екі жоба Нұра ауданының Нұра кентінде, Абай ауданында, Шет ауданының Ақсу-Аюлы кентінде және Қарағанды облысының Кенгір ауылында жүзеге асырылады.

Алты жеңімпаздың ішінде балаларды дамыту орталықтарында қызмет көрсетушілер, ауылдағы ерікті жастарды дамытуға, медиация принциптеріне, зейнеткерлердің компьютерлік зейінін ашуға оқыту, жергілікті қоғамдық жиналыс мүшелерін белсендіру және мүмкіндігі шектеулі жандарға көмекке бағытталған жобалар бар. «ЭКОЦЕНТР» ҚБ атқарушы директоры Раушан Дәулетбаева айтқандай «Белсенді ҮЕҰ облыс орталықтарында шоғырланғаны жасырын емес. Ауылдық ҮЕҰ мен қалаларда орналасқан ҮЕҰ даму деңгейінде айтарлықтай айырмашылық байқалады. Бірақ, ауылдық ҮЕҰ жергілікті жердің жағдайын жақсы білгендіктен және ауылдастарының ортасында сенімге ие болғандықтан, бұлардың әлеуетін аймақтың әлеуметтік климатын жақсартып ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейін жақсартуға жұмсаған жөн». Бұл бастамалар Қарағанды облысының ауылдық аймақтардың дамуына өз үлесін қосады деген сенімдемді:


«Азамат» ҚБ Балалар мен жасөспірімдер бірлестігі Қарқаралы ауданы, «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестіктің Нұра филиалы. Нұра ауданы, «Мерей» «Балалар мен жасөспірімдерді, әйелдерді қолдау орталығы» ҚБ Нұра ауданы, «Жәрдем» «Абай ауданындағы ерікті мүгедектер қоғамы» ҚБ Абай ауданы, «Улағат» Қазақ тілі қоғамы» ҚБ, «Өркен-Сәуле» ҚБ Кенгір ауылы Қарағанды облысы Қосымша ақпарат алу үшін «ЭКОЦЕНТР» ҚБ директоры және жоба үйлестірушісі Меруерт Курмашоваға хабарласа аласыз, моб.: +7 701 255 36 68, e-mail: ecocenter2010rk@gmail.com.

АО «ПТВС» СООБЩАЕТ

АО «Предприятие тепловодоснабжения» г.Жезказгана, находящаяся по адресу: г.Жезказган, улица Холмцекого, д.20 уведомляет о проведении слушаний отчета по итогам I полугодия 2019 г. о ходе исполнения утвержденной тарифной сметы, о ходе исполнения утвержденной инвестиционной программы, о соблюдении показателей качества и надежности регулируемых услуг и достижения показателей эффективности деятельности субъектов естественных монополий перед потребителями и иными заинтересованными лицами по следующим видам регулируемых услуг:

- услуги по передаче и распределению тепловой энергии;
 - услуги по снабжению тепловой энергией;
 - услуги подачи воды по распределительным сетям (техническая – не питьевая вода);
 - услуги по отводу и очистке сточных вод.
- Слушания в установленном порядке будут проведены в 15.00 часов 31 июля 2019 года по адресу: г.Жезказган, бул.Гарышкерлер,15 в здании «Профцентра».


Администрация АО «ПТВС».



ӨЗ ӨМІРІҢІЗДІ САҚТАҢЫЗ! БЕРЕГИТЕ СВОЮ ЖИЗНЬ!

ЖАДНАМА ЖАЗҒЫ МАУСЫМДА СУДА ӨЗІН (ТҒЫЫМ) ҰСТАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Қоршау белгісінен әрі жүзуге
- Тыйым салынған орындарда суға түсуге болмайды
- Балаларды қараусыз қалдырмаңыз
- Суды түседі келмеңіз, допты, тақтайшаңыз қолдануға
- Суды ойнауға
- Жалаң дабыл беру
- Өтіп бара жатырған катерге, қайыққа жақың жүзуге
- Көпірден, айлақтан, қайықтан, катерден суға секіруге
- Талам шікен бойда суға түсуге
- Суға мас күйде түсуге
- Таныс емес жерге сүңгуге



КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫ ЖАСТАРДЫ «ЖАС КӘСІПКЕР» ЖАҢА ЖОБАСЫ БОЙЫНША ОҚУҒА ШАҚЫРАДЫ

Курстар кәсіпкерлік негіздеріне оқытуға арналған. 29 жасқа толмаған жұмыссыз жастарды (жұмыспен қамту орталығына тіркеуге тұру қажет етілмейді), жас отбасы мүшелерін және еңбекке қабілетті мүгедек жандарды кәсіпкерлік негіздерін оқып, өз ісін бастауға шақырамыз.

Бағдарламаға қатысу үшін 2019 жылдың 22-23 шілде аралығында тестілеуден өту керек. Тест қорытындысы бойынша топқа іріктеу жүргізіледі. Өңірлік кәсіпкерлер палатасының филиалына/тұрғындарды жұмыспен қамту орталықтарына/ауылдық округ немесе елді мекен әкіміне жүгіне алады, сонымен бірге өтініш пен сауалнама топтырады. Өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, мекенжай анықтамасы, дербес кредиттік шот құжаты болуы қажет.

Оқу 2019 жылдың 24 шілдесінде басталады. Оқу уақыты 21 күн. Бағдарламаға қатысушыларға шәкіртақы төленіп, сертификат беріледі.

Қызығушылық танытқандар atameken.kz сайтында бағдарламамен толық таныса алады.



15.07.2019

QAZAQSTAN 06:05 «Koniil tolyquy»... 07:00 «TANSHOLPAN»... 09:30 «Роботкәлік Поли және оның достары»...

18:45 «Тракторшының махаббаты»... 19:30 «Пәленшеөвтер»... 20:00 Қорытынды жаңалықтар...

КӨЗ ЖАСЫ», 08:45 «ҚАЙСАР ЖЕСІР»... 09:30 «ЮРМАЛА»... 10:50 «КОГДА ВОЗВРАЩАЕТСЯ ПРОШЛОЕ»...

06:00 Ризамын 07:00 Әзіл студия 08:00 What's App. 09:00 Фильм-концерт... 11:30 «Мехектің өмірі»...

16.07.2019

QAZAQSTAN 06:05 «Koniil tolyquy»... 06:30 AQPAPAT. 07:00 «TANSHOLPAN»...

19:30 «Пәленшеөвтер»... 20:00 Қорытынды жаңалықтар... 20:30 «Бәсеке»...

НОВОСТИ.10.30 «ЛЕСНИК СВОЯЗЕМЛЯ»... 12.40 «ЛАБИРИНТЫ»... 14.40 «НАЙТИ МУЖА В БОЛЬШОМ ГОРОДЕ»...

What's App. 09:00 «Маша и Медведь»... 11:30 «Мехектің өмірі»... 12:30 «Үш қыздың құпиясы»...

17.07.2019

QAZAQSTAN 17:00 AQPAPAT. 17:15 «Bizben birgel»... 18:10 «ҚАЙРАН КҮНДЕР»...

17:00 Мультфильм. 17:30 «Ruh.kz»... 18:00 «Кешіккен хат»... 20:00 Жаңалықтар...

06:00 «Жаңа келін»... 07:00 «Элиф»... 09:00 «Монкарт»... 10:30 «Скалолаз»...

08:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»... 11:35 «Өмір тынысы»...

18.07.2019

QAZAQSTAN 06:05 «Koniil tolyquy»... 06:30 AQPAPAT. 07:00 «TANSHOLPAN»...

17:05 «АТАЛАР СӨЗІ»... 17:50 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ»... 18:00 «СҮЙІКТІ ДЕНИЗ-2»...

НОВОСТИ.10.30 «ЛЕСНИК СВОЯЗЕМЛЯ»... 12.40 «ЛАБИРИНТЫ»... 14.40 «НА КРАЮ ЛЮБВИ»...

What's App. 09:00 «Маша и Медведь»... 11:30 «Мехектің өмірі»... 12:30 «Үш қыздың құпиясы»...

19.07.2019

QAZAQSTAN 06:05 «Koniil tolyquy»... 06:30 AQPAPAT. 07:00 «TANSHOLPAN»...

06:00 «Ән мен әзіл»... 07:00 Аружанмен бой жазу жаттығулары... 07:10 Разминка...

ЖАСЫ», 09:20 «ҚАЙСАР ЖЕСІР»... 10:00 НОВОСТИ.10.30 «СТАЛЬНАЯ БАБОЧКА»...

What's App. 09:00 «Маша и Медведь»... 11:30 «Мехектің өмірі»... 12:30 «Үш қыздың құпиясы»...

20.07.2019

QAZAQSTAN 06:05 «Qyzuq ekep...»... 07:00 AQPAPAT. 07:30 «Сәлем, Қазақстан!»...

Дайджест жаңалықтар. 21:15 «Сотовый»... 23:00 Футбол 01:00 «Вишневый сезон»...

СТЕСНЯЮСЬ СВОЕГО ТЕЛА»... 02.10 «АСАҒА ТУСАУ»... 03.10 «БАСТЫ РӨЛДЕ»...

«Әзілдер жинағы»... 11:30 «Өнер мен Өмір»... 16:30 «Белоснежка. Месть гномов»...

21.07.2019

QAZAQSTAN 06:05 «Qyzuq ekep...»... 06:50 «Қазақ даласының құпиялары»...

«Тракторшының махаббаты»... 19:15 «Көл шырықпай!»... 21:00 Дайджест Новости...

06:00 «Қыздар арасында»... 07:00 «Қуырдақ»... 07:30 «Гүл-гүлет»...

08:00 «Гороскоп»... 08:05 «Ән шашу»... 08:30 «Мультфильм»...

БСН 050340007333, ЖСК KZ098560000005225027, БСК КСЖВКЗКХ «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС. Мәшкік иесі: «САРЫАРҚА газеті редакциясы» жауапкершілігі шектелуі серіктестігі. Директор – бас редактор Дархан Қабылдаулы МҰХАН. 100600, Жезқазған қаласы, І.Есенберлин көшесі, 63/3. • http://saryarka.webpress.kz • E-mail: sa_jez@mail.ru • whatsapp +7 708 420 19 88. Директор – бас редактор: 20-19-88, бухгалтерия/факс: 71-00-55, бас редактордың орынбасары: 71-07-01, тілшілер, газет тарату бөлімі: 77-50-25.

ОҚУҒА ШАҚЫРАМЫЗ Құрметті «Математика+Физика» таңдаған түлектер! Е.А.Бекетов атындағы ҚарМУ-де жаңадан грант негізінде «IT кәсіпкерлік және цифрлық экономика», «HR экономика және еңбек қауіпсіздігі» мамандықтары ашылды. Грантқа түсушілерге ҚарМУ коды - 031. Тел. 87479403527, 87015958369. www.ksu.kz мем. лицензия №12015198. 15.10.2012 ж.

«АЛМАСҚҰРЫЛЫС KAZAKHSTAN» ЖШС Қарағанды облысы, Жезқазған қ., Кеңгір ауылдық округінің, Кеңгір а. тұрғындарына Ұлытау-Жезді-Қарсақбай-Байқоңыр-Қоскөл облыстық маңыздағы автомобиль жолын куту, Сәтбаев қаласындағы Комаров, Наурыз көшелеріндегі орташа жөндеу үшін Қарағанды облысы Жезқазған қаласының Кеңгір а/о жерлерінде орналасқан «Кеңгір» кен орнының учаскесінің тау-кен жұмыстарының жоспарымен жою жоспарының ҚОЭБ бөлімдері жобаларын «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-не мемлекеттік экологиялық сараптамасына берілгенін хабарлайды. Жоба материалдарымен Жезқазған қ., Абай к-сі, 87А үй мекен-жайы арқылы таныса аласыздар. Анықтама телефоны: 8 702 342 07 97, немесе электронды поштасы: e-mail al-mask2013@mail.ru

ТОО «АЛМАСҚҰРЫЛЫС KAZAKHSTAN» Уведомляет жителей с. Кенгир, Кенгирского с/о, г.Жезказган Карагандинской области о подаче на государственную экологическую экспертизу в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» проектов ОВОС к Планам горных и к планам ликвидационных работ по добыче осадочных пород на участке «Кенгир», расположенный на землях Кенгирского с/о, г. Жезказган Карагандинской области, для содержания автомобильной дороги «Улытау-Жезды-Карсақбай-Байқоңур-Коскөл» и средний ремонт дорог улиц Комаров, Наурыз в городе Сатпаев. С материалами проектов можно ознакомиться по адресу: г.Жезказган, ул.Абая, дом 87А. Справки по тел. 8 702 342 07 97 или на e-mail almask2013@mail.ru.

Жезқазған қаласы әкімі аппараты «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженоваға жұбайы Мақсұт Сәкенұлы ҚАЖЕНОВТЫҢ дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Жезқазған қалалық маслихатының аппараты «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженоваға жұбайы Мақсұт Сәкенұлы ҚАЖЕНОВТЫҢ дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

«Nur Otan» партиясы Қарағанды облыстық филиалының аппараты «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженоваға жұбайы Мақсұт Сәкенұлы ҚАЖЕНОВТЫҢ дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, Қарағанды облыстық маслихаты депутаты Бекзат Алтынбекөв «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженоваға жұбайы Мақсұт Сәкенұлы ҚАЖЕНОВТЫҢ дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Жезқазған бизнес және кәсіпкерлік колледжінің ұжымы «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженоваға жұбайы Мақсұт Сәкенұлы ҚАЖЕНОВТЫҢ дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасы Жезқазған аймақтық өкілдігінің ұжымы «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженоваға жұбайы Мақсұт Сәкенұлы ҚАЖЕНОВТЫҢ дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Жезқазған қаласы Ішкі саясат бөлімінің ұжымы «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженоваға жұбайы Мақсұт Сәкенұлы ҚАЖЕНОВТЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Жезқазған қалалық «Дидар» телеарнасының ұжымы «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженоваға жұбайы Мақсұт Сәкенұлы ҚАЖЕНОВТЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.


Жезқазған қалалық «Қазақ тілі» қоғамының мүшелері «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженоваға жұбайы Мақсұт Сәкенұлы ҚАЖЕНОВТЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Жезқазған қалалық «Қазақ тілі» қоғамының мүшелері мемлекеттік қызмет ардагері Болат Мұңайтпасұлы ОРЫНБАЕВТЫҢ дүниеден өтуіне байланысты марқұмның отбасына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

«Saryarqa» газеті редакциясының ұжымы «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженоваға жұбайы Мақсұт Сәкенұлы ҚАЖЕНОВТЫҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Жезқазған қалалық «Қазақ тілі» қоғамының мүшелері мемлекеттік қызмет ардагері Болат Мұңайтпасұлы ОРЫНБАЕВТЫҢ дүниеден өтуіне байланысты марқұмның отбасына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Газет редакцияның өз компьютер орталығына теріліп, беттелді. Қызылорда қаласында «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында (Сұлтан Бейбарыс көшесі, 4) офсеттік тәсілмен басылды.



ҚАСИЕТТІ ҚАЗАҚСТАН ҰЛЫТАУ, ӘУЛИЕТАУ (АҚМЕШІТ) ШЫҒЫ



Ұлытау – Қазақстанның тарихи және географиялық орталығы, ежелгі қоныс, ескі жұрт. Еуразия құрлығындағы мәдениет тарихында ерекше орын алатын аймақ. Бұл ұлы мекен Қарағанды облысындағы Торғай қоланының оңтүстік-шығысы мен Бетпақдаланың солтүстік бөлігін алып жатыр. Ұлытау тауы – тек қана батыс Сарыарқаның ең биік нүктесі емес, сонымен қатар оның «кіндігі», барлық жаратылыс бастау алатын тамыр, «өлем орталығы». Ол – бүгінде қазақ деген дүниенің жүзіне белгілі ұлттың табысқан төбесі, ұйысқан іргесі, біздің ата-балаларымыздың мыңдаған қасырлық рухани аңызына айналған ақындары жырлаған, сан ғасыр адамдарды баураған қазақ халқының құрметтейтін қасиетті жері. Бұл өңір – халқымыз сұлтандарын ақ киізге көтеріп, хан еткен, Хан ордасы орналасқан жер. Қазақ жерінің кіндігі болған Ұлытау өңірінен Әмір Темірдің Тоқтамыс ханға қарсы ұлы жүрісі бастау алған.

Нақ осы өңірде Жошы, Алаша және Тоқтамыс хандар, сондай-ақ, ұлы қолбасшы, батыр Едіге және өзге де тарихи тұлғалар жерленген. Асан қайғы осы жерді қазақ халқының өмір сүруіне ыңғайлы Жерұйық деп айтқан. Ұлытау аспан астындағы мұражай іспеттес.

Бұл жерде қазірдің өзінде белгілі болып отырғандай, сегіз жүзге тарта тарихи-мәдени ескерткіш бар. Бұл жердегі ежелгі және айрықша маңызды ескерткіштердің бірі – Ақмешіт тауы. Ол – ескі қамалдың, көшпелі халық мекенінің орны болған қасиетті жер. Ұлытау тауының биік шоқысында орналасқан. Қазақ халқының тарихында бұл таулар маңызды рөл атқарды. Қазақ ұлтының қалыптасуы мен халықтың үш негізгі жүзін қалыптастыру тарихы осы жерлердің тарихынан бөлек болуы мүмкін емес. Бұл таулар – қазақ тарихындағы барлық маңызды кезеңдердің күзегі.

«Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандары», «Фоллиант» баспасы, Астана – 2017

ТЕРЕКТІ ӘУЛИЕ ТАРИХТАН СЫР ШЕРТЕДІ



Табиғаты тарихтан сыр шертен Ұлытау-Жезқазған аймағында күт қонып, кие дарыған қасиетті мекендер аз емес. Солардың бірі әрі бірегей ретінде Теректі әулие кешенін айтуға болады.

Тас бетіне бедерленген арғымақ аттың бейнелері мен тұяқ іздері, шоқ жұлдыздарының шоғырын суреттейтін он екі тау теке бейнесі, Күн мен Ай таңбалары, түйе тағы да басқа көптеген жануарлар мен адам іздері, тоғызқұмалақ ойынының тас бетіне салынған тақтасы, «Әулие сырғанағы», «Ғашықтар тасы», бас ауруларын емдеп, космоспен байланыстыратын орын, Теректі әулиенің қасиетті Құран кітабын сақтаған орын, шаршағандың лезде басып, тұнық суы шөлінді қандыра шипалы әрі қасиетті бұлағы бар, төменінде Теректі әулиенің мазары орналасқан, Қазақстанның киелі нысандарының қатарынан орын алған.

Теректі әулие кешені – аймағымыздың мақтаншы.

Жақында жергілікті ақпарат құралдарының қызметкерлері, атап айтқанда «Дидар» телеарнасы және «Сауық» газетінің ұжымы, «Ютария Ітд» өндірістік-инновациялық компаниясының қызметкерлері Теректінің тумасы, меценат, қала әкімінің «Жомарт жүрек» сыйлығының иегері Бекзат Үмбетовтің ұйымдастыруымен Теректі кешеніне барып, тылсымға толы орынмен танысу мүмкіндігіне ие болды. Мәдени демалыс барысында жастарға Теректі кешені туралы мол мағлұмат айтылып, Теректі әулиеге қатысты ел аузындағы аңыздар сөз болды.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

СПОРТ ЕРАСЫЛ – КҮМІС ЖҮЛДЕ ИЕГЕРІ



Шілде айының басында Елордамыз Нұр-Сұлтан қаласында 2002-2003 жылы туған жастар аралығында грек-рим күресінен жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионаты өтті. Чемпионатқа Қазақстан құрама командасының атынан Қарағанды облысы, Әлия Молдағұлова атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернат-колледжінің оқушысы, жезқазғандық жас спортшы Ерасыл Дәулетбек те қатысып бақ сынаған болатын.

Финалға дейінгі кездесулерінде Тайпей, Өзбекстан балуандарымен күресіп, жауырыны жерге тимеген Ерасыл финалда Азия және Әлем чемпионы, жасөспірімдер арасындағы олимпиада жеңімпазы ирандық балуанмен күресіп, күміс жүлдені қанжығасына байлады. Қазіргі таңда Әміртай Дәрібаев және Бекежан Рахымбеков сынды білгір балкерлерден тәлім алып жүрген Ерасыл Дәулетбек – қаламыздағы Жезқазған қалалық «Спорттық дамыту орталығы» қоғамдық бірлестігіне қарасты спорттық сауықтыру кешенінің түлегі.

Чемпионаттан соң Ерасыл Дәулетбековке Қазақстан Республикасының спорт шебері дәрежесі берілді. Бұл жеңісін Жезқазған қаласының 65 жылдық мерейтойына арнап отырған Ерасылға алдағы уақытта да бағындырар биіктерін көп болсын дегіміз келеді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ...

КОНФЕРЕНЦИЯҒА АРҚАУ БОЛДЫ

Қазақ КСР Жоғары Кеңесіне алты рет депутат болып сайланған, Алматы облаткомының төрағасы, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары, Қазақ КСР Әлеуметтік қамсыздандыру министрі қызметтерін атқарған, «Отан», «Ленин», екі рет «Еңбек Қызыл Ту» және «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған, мемлекет және қоғам қайраткері Зәуре Омарованың есімі тек аймағымызға ғана емес, барша қазақ жұртына етене таныс десек артық айтқандық болмас. Әр жылдары биік лауазымдарда қызмет атқарған, Қазақ КСР министрлер кеңесі төрағасының орынбасары болған Ұлытаудың перзенті Зәуре Омарованың туғанына биыл 95 жыл толып отыр.

Осыған орай Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті «Ұлытау алтын мұрасы» қоғамдық қорымен бірлесіп отырып «Ұлытаудан шыққан ұлы тұлғалар» жобасы аясында Зәуре Омарова арналған ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді. Ғұмыр жолын өнегемен өрнектеген Ұлытаудай биік те керемет тұлғаның өмірі мен қызмет жолын жас ұрпаққа кеңінен дәріптеп, таныстыруды мақсат еткен конференцияға Зәуре Омарованың туыстары да қатысты.

Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің президент-ректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор Әбдімәлік Тәкешев модераторлық еткен ғылыми-тәжірибелік конференцияға Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова, Ұлытау ауданының әкімі Әнуар Омаров қатысып, игі шараның қадамына сәттілік тіледі.

Ғылыми-тәжірибелік конференция барысында Әбдімәлік Тәкешев «Зәуре Омарова – парасатты қа-

зақ қызы, мемлекет және қоғам қайраткері», Зәуре Омарованың қызы, биология ғылымдарының докторы, профессор Дария Жүсіпова «Зәуре Омарова өмірінің негізгі кезеңдері», техника ғылымдарының кандидаты, доцент Мүсілім Тоқтамысов «Нұр дидары апамның көз алдымда», медицина ғылымдарының кандидаты, халықаралық Жазушылар одағының мүшесі, Қарағанды облысы Ұлытау ауданы мен Алматы облысы Талғар ауданының Құрметті азаматы Туғанбай Жанысбаев «Ұлытаудан шыққан ұлы тұлғалар жобасы бойынша ұсыныстар», «Ұлытау алтын мұрасы» қоғамдық қорының атқарушы директоры Ғалымжан Әбдібеков «Ұлытау алтын мұрасы қоғамдық қорының қызметі» тақырыбындағы баяндамаларын қорғады.

Ғылыми-тәжірибелік конференцияда еліміздің экономика, транспорт, энергетика және мәдениет саласын дамытуға үлкен үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткері, жерлесіміз Зәуре Омарованың есімін



мәңгі есте қалдыру мақсатында Жезқазған қаласында жаңадан бой көтеріп жатқан ықшамауданға Зәуре Омарованың есімін беру, оның 100 жылдық мерейтойын облыс көлемінде атап өту, «Ұлытау алтын мұрасы» қоғамдық қорына кәсіпкерлердің көмегімен Зәуре Омарованың «Исток» кітабын қазақ тіліне қайта басып шығарып, тарату жұмыстарын қолға алу, Қарағанды облысында жоғары оқу орындарына, соның ішінде, Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің тарихшы ғалымдарына Зәуре Омарова туралы зерттеулер жүргізіп, өмірі мен қызмет жолына байланысты белгісіз

деректерді жарыққа шығару және деректер қорын жинақтау, Жезді кентіндегі «Тау-кен және балқыту тарихи музейінде» Зәуре Омарова арналған тұрақты экспозиция ашуды қолға алу сынды ұсыныстар айтылды.

Ғылыми-тәжірибелік конференция соңында Әбдімәлік Тәкешев конференция қонақтары мен Зәуре Омарованың туыстарына Ұлытау-Жезқазған аймағының тарихи жерлерінен сыр шертетін бағалы сыйлықтар мен «Ұлытау энциклопедиясы» кітабын табыс етті.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ЖАС ҰРПАҚҚА

Қазақтың ұлттық мәдениеті мен өнері – тұнып тұрған тәрбие. Ықылым замандардан жеткен асыл қазынамыз ертеңге жалғасын табуы үшін бүгінгі ұрпақтың бойына таза күйінде қалай сіңіре аламыз? Жезқазған-Ұлытау аймағының зиялы қауым өкілдері «Ұрпақтар сабақтастығы және рухани құндылықтарды қалыптастырудағы азаматтық қоғамның орны» тақырыбы төңірінде пікір алмасты. Аталған жиынға Сәтбаев қаласының әкімі А. Ыдырысов, Ұлытау ауданының әкімі Ә. Омар да қатысты.



«Шындық» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен бас қосуда алғашқы сөзді осы іс-шараға бастамашы болған Сәтбаев қаласының әкімі Асқар Ыдырысов алып, қалада атқарылған шаруаларға тоқталды.

– Көптен бері осындай жиын өткізу ойда жүр еді. Ұйымдастырушыларға алғысымды білдіремін. Жалпы алғанда қаламызда мәдени бағытта біршама дүние жүзеге асырылды. Ең алдымен еске түсетін дәстүрлі түрде жыл сайын өткізілетін республикалық жас ақындар айтысы, Ерден Сандыбайұлы атындағы ұлттық аспаптарда орындаушылар байқауы. Былтыр ғана қаламыздың 45 жылдығына арналған қос кітап жарық көрді. Есқожа Сартовтың өңдерін жаздырдық. Ал, биыл ғалым Қаныш Сәтбаевқа арналған кітап жарық көрмек. Жас өңшілерге арналған «Жарқын дауыс» жобасы сәтті басталды. Бұл жарқын істердің бастауы ғана деп білеміз, – деген қала басшысы жастардың өдебиетке, өнер мен мәдениетке деген қызығушылығын арттырып, аймақтағы айтулы ақын, жазушылардың, композиторлардың шығармашылығын насихаттауда тың жол табу керектігін, аймақтағы жас дарындарды қолдау, елге таныту қажеттігін назар аударды. Бұл ретте Елбасының бастама-



сымен қолға алынған «Рухани жаңғыру» мақаласы, туризмді дамыту, Ұлы даланың өлем өркеніетіне қосқан жетістіктеріне деген жастардың мақтанш сезімін қалыптастыру сынды мәселелер елі де өзекті болып отырғанын жеткізді. Қалада алдағы уақытта осы бағытта атқарылатын жобалармен бөлісті.

Ұлытау ауданының әкімі Әнуар Омар да Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау ауданының рухани саладағы бастамаларды бірге көтеріп, бірлесіп жүзеге асыру керектігін атап өтті.

Жиынға қатысқан аймақтың шығармашылық интеллигенция өкілдері, еңбек ардагерлері, мәдениет қызметкерлері руханият саласындағы проблемаларды бірлесіп анықтап, ақылдаса отырып шешу жөніндегі ұсыныстарды қолдап, аймақ

тарихын, өнерпаздары мен айтулы тұлғаларының есімдерін таныту, мұраларын насихаттауға қатысты өз ұсыныстарын ортаға салды. Игі бастамаға қолдау білдіріп, ойға ой қосқандар қатарында еңбек ардагерлері С.Қожамсейітов, Я.Асатов, М.Тілеуов, Т.Бүкіров, С.Атабаев, «Ұлытау және ұлт» журналының бас редакторы Б.Мырзабеков, өңші Ф.Мұхамедін, ақын К.Ахметов, Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің басшысы Р. Қапарова және тағы басқа азаматтар болды.

Жиналғандар алдағы уақытта қос қала мен Ұлытау ауданы өкілдерінен тұратын жұмысшы тобын құрып, ынтымақтастыққа негіз болатын мәселелерді анықтап, нақты жоспар аясында әрекет етуге уағдаласып тарасты.

Абдолла ДАСТАНОВ

«ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ» ҚОСЫМШАСЫ

Қазақстанды әлемге таныту мақсатында мобильдік қосымша іске қосылды, – деп хабарлайды Қазақпарат ҚР СИМ баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

«Назарларыңызға «Қазақстан – Ұлы Дала елі» қосымшасын ұсынамыз. Қосымша география, тарих, мәдениет, экономика, туризм және халықаралық қатынастар сияқты кең ауқымды тақырыптарды қамтитын Қазақстанның шынайы ықшама энциклопедиясы болып табылады. Жүздеген бірегей фотосуреттер, бейнеклиптер, 3D-нысандар, панорамалар, инфографикалар, интерактивті карталар және басқа да пайдалы ақпарат қазақ, орыс, ағылшын және қытай тілдерінде ұсынылған» делінген хабарламада.

Қосымша Қазақстанға туристік немесе іскерлік мақсатпен келуді жоспарлайтын шет ел азаматтары үшін, сондай-ақ туристер, студенттер, зерттеушілер, журналистер және бизнесмендер үшін таптырмайтын құрал болады.

Қосымшаны AppStore, Play Market, Windows және веб-нұсқа арқылы жүктетеу болады.



РЕЙД

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫН ТҮСІНДІРДІ

Қалалық төтенше жағдайлар басқармасының хабарлауынша, биылғы шомылу маусымында Жезқазған қаласы бойынша үш адам суға кетіп қайтыс болды. Олардың біреуі – рұқсат етілмеген аймаққа өтіп кетуден, ал қалған екеуі – мас күйінде суға түсу салдарынан қаза тапқан. Тұрғындардың су айдындарындағы қауіпсіздігін сақтау мақсатында Жезқазған қаласының құтқару құрылымы мамандары арнайы бақылау рейдін ұйымдастырды.

– Жезқазған қаласы құтқару қызметінің мамандары тек Жезқазған қаласы бойынша ғана емес, жалпы Ұлытау-Жезқазған аймағы бойынша құтқару шараларымен айналысады. Біздің мамандар суға түсуші тұрғындар арасында түрлі профилактикалық жұмыстар ұйымдастырады. Көбіне су жазғына келіп, суға түсіп дамушы тұрғындар судағы қауіпсіздік ережелерін сақтамайды. Бұның соңы қайғылы жағдайға душар етеді, – дейді Жезқазған қаласы төтенше жағдайлар басқармасының азаматтық қорғаныс бөлімінің аға офицері Дулат Асанов.

Жезқазған қаласы судан құтқару қызметіне қаламыздағы жұмыспен қамту орталығынан жіберілген 13 адам жұмыс атқарады. Олар осы бағытта түрлі хабарландыру парақшаларын тараптып, тұрғындарды су қауіпсіздік ережесімен таныстырады және ережені сақтамаған демалушылар жөнінде төтенше жағдайлар басқармасына хабар береді.



Арнайы жүргізілген рейд нәтижесінде және мамандар жұмыстарына сүйене отырып, су қауіпсіздік ережесін көмелеттік жасақ толғамаң бабалар, мас күйінде суға түсушілер және белгіленген аумақтан асып кететін тұрғындар екендігін байқадық. Қала тұрғындарына қата аяқ астынан екендігін ескере отырып, балаларыңызды қарау-

сыз қалдырмауың, мас күйінде суға түсуден аулақ болуларың ескертпеіміз. Су қауіпсіздігін сақтамаң жағдайда 1 реттікте – 5 АЕК, келесіде – 10 АЕК, одан әрі қарай 15 күндік бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

Суреттерді түсірген: Ғали ӘБДИҒАППАРОВА